

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ**

**ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес  
шоғырландырылған қаржылық есептілік және тәуелсіз  
аудитордың аудиторлық есебі**

**2024 жылғы 31 желтоқсан**

## Мазмұны

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

### Шоғырландырылған қаржылық есептілік

|                                                              |     |
|--------------------------------------------------------------|-----|
| Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп.....            | 1-2 |
| Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп.....              | 3-4 |
| Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп..... | 5   |
| Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп .....    | 6   |

### Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

|                                                                                           |    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1 Компания туралы ақпарат.....                                                            | 7  |
| 2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі .....                                              | 8  |
| 3 Маңызды есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар .....                       | 13 |
| 4 Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу.....                                         | 19 |
| 5 Жалпы бақылаудағы сатып алулар.....                                                     | 26 |
| 6 Негізгі құралдар.....                                                                   | 28 |
| 7 Барлау және бағалау бойынша активтер.....                                               | 30 |
| 8 Пайдалану құқығы нысанындағы активтер .....                                             | 30 |
| 9 Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар.....                                             | 31 |
| 10 Басқа да қаржы активтері.....                                                          | 33 |
| 11 Табыс салығынан басқа, өтелуге жататын ққс және салықтар бойынша алдын ала төлем ..... | 34 |
| 12 Банктік салымдар.....                                                                  | 35 |
| 13 Ақша қаражаты мен оның баламалары.....                                                 | 35 |
| 14 Қорлар .....                                                                           | 36 |
| 15 Сауда және басқа да дебиторлық берешек.....                                            | 36 |
| 16 Капитал.....                                                                           | 37 |
| 17 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар.....                                               | 39 |
| 18 Банктік кредиттер.....                                                                 | 40 |
| 19 Алынған қарыздар .....                                                                 | 42 |
| 20 Резервтер.....                                                                         | 43 |
| 21 Жалдау бойынша міндеттемелер.....                                                      | 45 |
| 22 Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер .....                         | 45 |
| 23 Сауда және басқа да кредиторлық берешек .....                                          | 46 |
| 24 Басқа да қаржылық міндеттемелер .....                                                  | 46 |
| 25 Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім.....                                  | 47 |
| 26 Сатудың өзіндік құны .....                                                             | 47 |
| 27 Басқару ақысы.....                                                                     | 47 |
| 28 Жалпы және әкімшілік шығыстар.....                                                     | 48 |
| 29 Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кіріс .....                    | 48 |
| 30 Қаржылық шығыстар.....                                                                 | 49 |
| 31 Табыс салығы бойынша шығыстар.....                                                     | 49 |
| 32 Байланысты тараптармен мәмілелер .....                                                 | 52 |
| 33 Шарттық және шартты міндеттемелер.....                                                 | 55 |
| 34 Қаржы құралдары, қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаты мен саясаты .....               | 61 |
| 35 Сегменттік есептілік.....                                                              | 69 |
| 36 Есеп беру күннен кейінгі оқиғалар .....                                                | 70 |

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«QazaqGaz» ҰК» АҚ акционеріне, Директорлар кеңесіне және басшыларына:

### Біздің пікір

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік «QazaqGaz» ҰК» АҚ (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге - «Топ») 2024 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күнге аяқталған жылдағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелері мен шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды жағынан ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

### Аудит мәні

Біз Топтың келесілерді қамтитын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2024 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп;
- есеп саясаты туралы маңызды ақпарат және басқа да түсіндірме ақпаратын қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер.

### Пікір білдіру негіздемесі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біздің аудиторлық дәлелдер пікір білдіруіміз үшін негіз болуға жеткілікті ері тиісті деп есептейміз.

### Тәуелсіздік

Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары кеңесі шығарған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХӘСК кодексі) және Қазақстан Республикасындағы біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитімізге қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Топқа тәуелсіз болып табыламыз. Біз шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитімізде қолданылатын БХӘСК кодексіне және Қазақстан Республикасының әдеп талаптарына сәйкес басқа да әдеп міндеттемелерін орындадық.

## Біздің аудиторлық тәсіліміз

### Қысқаша шолу



- Тұтастай алғанда Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылығы: 15,000,000 мың қазақстандық теңге, бұл салық салынғанға дейінгі пайданың шамамен 5% құрайды.
- Топтың аудит көлеміне Компания, төрт еншілес кәсіпорын және Қазақстандағы екі бірлескен кәсіпорын кірді.
- Аудит Топтың түсімінің 98% және салық салуға дейінгі Топтың абсолютті пайдасының 100% қамтиды.
- Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы.
- «GPC Investment» ЖШС сатып алуды және күтілетін сатуды есепке алу.
- Газ сатып алу бойынша кредиторлық берешек.

Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылықты анықтап, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалану тәуекелдерін бағаладық. Атап айтқанда, біз басшылықтың субъективті паймдауларына талдау жасадық, мысалы болжамдар жасау және табиғатынан белгісіз болашақ оқиғаларды қарастыруды қамтитын маңызды бухгалтерлік бағалауларына. Басқа аудиттердегідей, біз басшылықтың ішкі бақылау жүйелерін айналып өту қаупін, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, орынсыз әрекеттердің салдарынан елеулі бұрмалану қаупін тудыратын бұрмалаушылық белгілерінің болуын бағалауды қарастырдық.

### Маңыздылық

Біздің аудит көлемін анықтауға маңыздылықты қолдануымыз әсер етті. Аудитте шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмауланулар болмауына негізделген орынды сенімділікті басшылыққа алады. Бұрмалау алаяқтық немесе қателіктер нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтықта пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, олар маңызды болып саналады.

Кәсіби пайымдауымызға сүйене отырып, біз төмендегі кестеде көрсетілгендей, маңыздылық үшін, оның ішінде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейінде маңыздылық үшін белгілі бір сандық шекті мәндерді орнаттық. Осы мәндердің көмегімен және сапалық факторларды ескере отырып, біз аудиттің көлемін, сондай-ақ аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімдерін және көлемін анықтадық және егер болса (жеке және жиынтықта алынған) бұрмаланулардың тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін бағаладық.

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

3 - бет

Тұтастай алғанда Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылық

15,000,000 мың теңге

Біз оны қалай анықтадық

Салық салуға дейінгі пайданың шамамен 5%

Маңыздылық деңгейін анықтау үшін қолданылған базалық көрсеткіштің негіздемесі

Біз маңыздылық деңгейін анықтау үшін базалық көрсеткіш ретінде пайдалану туралы шешім қабылдадық салық салуға дейінгі пайда, өйткені біз пайдаланушылар Топ қызметінің нәтижелерін бағалау үшін жиі қарастыратын осы базалық көрсеткіш деп санаймыз және ол жалпы қабылданған базалық көрсеткіш болып табылады. Біз маңыздылықты 5% деңгейінде белгіледік, бұл осы сектордағы пайдаға бағдарланған кәсіпорындар үшін қолданылатын қолайлы сандық маңыздылық шектерінің диапазонына сәйкес келеді.

### Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл, біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес, ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есеп беру туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

4 - бет

### Аудиттің негізгі мәселелері

### Аудиттің негізгі мәселесі бойынша қандай аудиторлық рәсімдер жүргізілді

#### Ұзақ мерзімді активтерді құнсыздандыру

##### Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 3, 6, 7, 8-ескертпелер

2024 жылы Топтың табыстылығына газ сатып алу бағасының айтарлықтай өсуі, теңгенің АҚШ долларына қатысты әлсіреуі және Топ өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық ортадағы орын алған өзгерістер әсер етті. Бұл Топтың баланстық құны 1,648,142,206 мың теңге болатын айналымнан тыс активтерінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздануы мүмкін екендігін көрсетеді (негізгі құралдар — 1,593,607,454 мың теңге, барлау және бағалау жөніндегі активтер — 5,590,260 мың теңге, пайдалану құқығы нысанындағы активтер — 44,539,508 мың теңге, материалдық емес активтер — 4,404,984 мың теңге). Активтердің өтелетін сомасы оларды пайдалану құндылығын ескере отырып айқындалды. Өтелетін соманы анықтау болашақтағы болжамды ақша ағындарына, дисконттау мөлшерлемелеріне және негізгі өндірістік шығындар деңгейіне қатысты айтарлықтай пайымдаулар мен басшылықтың болжамдарын талап етеді. Бұл болжамдар нарықтық жағдайлардың белгісіздігіне байланысты айтарлықтай құбылмалылыққа ұшырайды.

Құнсыздануға жүргізілген тест нәтижесінде Топ 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2,997,888 мың теңге сомасына құнсызданудан болған шығынды есепке алды.

Біз активтердің баланстық құнының маңыздылығына және өтелетін соманы анықтау кезінде айтарлықтай пайымдау қажет екендігіне байланысты осы салаға назар аудардық.

Біздің процедураларымызға мыналар кірді:

- Біз ішкі процестер мен бақылау туралы түсінік алдық және 36 ХҚЕС (IAS) сәйкестігі үшін ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануын бағалау кезінде басшылық қолданатын әдістемені талдадық.
- Біз басшылық дайындаған құнсыздану үлгілерін алдық, олармен таныстық және бағаладық, сондай-ақ есептеулердің математикалық дәлдігін тексердік. Біз ішкі нарықтағы тарифтер, экспорттық сату бағалары, тасымалдау және өндіру көлемі, инфляция деңгейі, елге төн тәуекелдер және шетел валюталарының бағамдары сияқты модельдерде қолданылатын әдіснамалар мен болжамдарға талдау жасадық.
- Біз құнсыздану үлгілерінде басшылық қолданатын дисконттау мөлшерлемелерін талдау үшін бағалау бойынша сарапшыларымызды пайдаландық.
- Біз болашақ операциялық және күрделі шығындарды, сондай-ақ кіріс болжамдарын соңғы бекітілген бизнес-жоспарлар мен бюджеттермен салыстырдық.
- Біз құнсыздану модельдерінде қолданылатын негізгі болжамдарды ақша ағындарын тудыратын тиісті бірліктердің тарихи көрсеткіштерімен салыстырдық.
- Біз олардың құнсыздану нәтижелеріне ықтимал әсерін және өтелетін соманың ықтимал нәтижелерінің ауқымын бағалау үшін негізгі болжамдардың сезімталдығын талдадық.
- Біз 36 ХҚЕС (IAS) талаптарына сәйкестігі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке 3,6,7 және 8-ескертпелерде тиісті ескертпелердің бағалауын жүргіздік.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселесі бойынша қандай аудиторлық рәсімдер жүргізілді

"GPC Investment" ЖШС сатып алуды және күтілетін сатуды есепке алу

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 5-ескертпе

2024 жылғы 14 ақпанда Топ бас компания «Самұрық-Қазына» АҚ-нан, жалпы сомасы 38,737,143 мың теңгеге жай акциялар шығару арқылы «GPC Investment» ЖШС-ның (бұдан әрі - "GPCI") 100% үлесін сатып алды. GPCI сатып алу жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымды сатып алу ретінде көрсетілді. Топ 25% үлесін сақтай отырып, 2025 жылдың 30 маусымына дейін GPCI-дегі 75% үлесін сатуды жоспарлап отыр.

GPCI сатып алуды есепке алу және оны кейін шығу тобы ретінде жіктеу Топ басшылығының, әсіресе жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымды сатып алуды есепке алуға, сондай-ақ GPCI-ді 5 ХҚЕС (IFRS) сәйкес шығу тобы ретінде жіктеуге және бағалауға, оның ішінде сату ықтималдығын бағалауды және шығу тобының құнын бағалауды талап етеді.

Біз осы мәмілеге шығу тобының сатуға арналған деп жіктелетін активтерінің баланстық құнының маңыздылығына және оның құрамына айтарлықтай бухгалтерлік пікірлер мен бағалаулар кіруіне байланысты назар аудардық.

Біздің процедураларымызға мыналар кірді:

- Біз бас компания мен Топ арасындағы сатып алу-сату шартын және 2024 жылы GPCI сатылғанын растайтын тиісті құжаттарды талдадық.
- Біз GPCI қатысу үлесінің 75% күтілетін іске асыруға қатысты Топ пен өлеуетті сатып алушы арасындағы сатып алу-сату шартының алдын ала нұсқасын және тараптардың бұл мәмілені 2025 жылы аяқтау ниетін растайтын құжаттардың тиісті алдын ала нұсқаларын талдадық.
- Біз сатып алу күніне GPCI активтері мен міндеттемелерінің сатып алу құны мен баланстық құнына талдау жасадық.
- Біз жалпы бақылаудағы Тараптар арасындағы операциялар ретінде сатып алуды есепке алу жөніндегі басшылықтың пайымдауларына талдау жасадық.
- Біз GPCI құрылтай шартының жобалық нұсқасын және корпоративтік басқаруды сипаттайтын құжаттардың басқа жобалық нұсқаларын және қатысушылар деңгейіндегі негізгі шешімдерді қабылдау процесін, бақылау кеңесін және бас директорды талдадық.
- Жоғарыда аталған талданған құжаттардың негізінде біз GPCI бақылауын бағалау үшін ең маңызды әрекеттер туралы түсінік алдық.
- Біз басшылықпен олардың жоспарларын, мәмілені белгіленген мерзімде аяқтау ықтималдығын және GPCI бақылауының ауысуын талдауды талқыладық.
- Біз 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шығу тобының өділ құнын оның баланстық құнымен салыстырдық.
- Біз күтілетін іске асыруға байланысты GPCI қатысу үлесінің 75% байланысты операцияларды есепке алу және ашу тәртібін қарауға көмектесу үшін бухгалтерлік есеп бойынша техникалық мамандарды шақырдық.

Біз Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне 5-ескертпеде 5 ХҚЕС (IFRS) талаптарына сәйкестігіне тиісті ескертпелердің бағалауын жүргіздік.

**Аудиттің негізгі мәселелері****Аудиттің негізгі мәселесі бойынша қандай аудиторлық рәсімдер жүргізілді****Газ сатып алу бойынша кредиторлық берешек****Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 3 және 23-ескертпелер**

2023 және 2024 жылдары Топ өзінің негізгі жеткізушілерінің бірінен тауарлық газды баға келісімсіз сатып алды. 2025 жылғы 14 ақпанда екі тарап 2023-2033 жылдарға арналған газ сатып алу шартына қол қойды.

Топ 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қол қойған шарттағы бағалар негізінде 266,342,015 мың теңге сомасындағы кредиторлық берешекті мойындады.

Біз кредиторлық берешектің маңыздылығына байланысты және есеп беру күнінен кейін тараптар келісімшартқа қол қойғанын ескере отырып, осы салаға назар аудардық.

Біздің процедураларымызға мыналар кірді:

- Біз топ қол қойған 2023-2033 жылдарға арналған газ сатып алу шартын зерттедік.
- Біз 2024 жылғы 31 желтоқсанға жеткізушіден 266,342,015 мың теңге сомаға кредиторлық берешекті растайтын хат алдық.
- Біз кредиторлық берешекті есептеудің математикалық дұрыстығын тексердік.
- Біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 3 және 23-ескертпелерінде ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарына сәйкестігіне тиісті ақпаратты бағалауды жүргіздік.

**Топтың аудит көлемін анықтау**

Біз аудит көлемін Топтың құрылымын, Топ пайдаланатын есепке алу процестерін және бақылау құралдарын, сондай-ақ Топ өз қызметін жүзеге асыратын саланың ерекшелігін ескере отырып, тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті көлемде жұмыстарды орындай алатындай етіп айқындадық.

Топтық аудитке жалпы көзқарасты анықтау кезінде біз Топтық аудитор немесе компоненттік аудитор ретінде орындауымыз керек жұмыс түрін анықтадық.

Топтың газ тасымалдау және газ өндіру қуаттары Қазақстан Республикасында орналасқан. Топтың активтері мен операциялары, қызметі бірлесіп бақыланатын жеті ұйымды қоса алғанда, жиырма субъектіге (компоненттерге) бөлінеді. Олардың ішінде біз жеті компонентті маңызды деп анықтадық, оның ішінде компания, оның төрт еншілес компаниясы және екі бірлескен кәсіпорын.

Алты маңызды компонент бойынша біз олардың қаржылық ақпаратына толық аудит жүргіздік, оны Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін пайдаланады.

Жалпы, біздің аудит көлемі 99% активтерді, 98% түсімді және салық салуға дейінгі абсолютті пайданың 100% қамтиды. Орындалған рәсімдер бізге Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алуға мүмкіндік берді, бұл біздің пікірімізге негіз болады.

---

### Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты болады. Өзге ақпарат жылдық есепті қамтиды (бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілікті және осы есеп туралы біздің аудиторлық есебімізды қамтымайды), жылдық есеп бізге аудиторлық есебіннің күнінен беріледі деп күтілуде.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенім білдіретін қорытынды шығармаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратпен танысу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит жүргізу барысында алған біздің білім арасында елеулі сәйкессіздік болуы және өзге ақпаратта басқа ықтимал маңызды бұрмаланулар болуы туралы мәселені қарау болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз онда елеулі бұрмалаушылық бар деген қорытындыға келсек, мұны корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізуіміз керек.

---

### Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілігі үшін жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен әділ ұсынылуы үшін және алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулар жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілік жасауға жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындалуын қадағалауға жауапты.

---

### Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне орынды сенімділіктің болуы және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі сенімділікті білдіреді, бірақ ол ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулар болған жағдайда оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік бермейді. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып есептеледі.

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

8-бет

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылған есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- біз басшылықтың қызметтің үздіксіздігіне жол беруінің заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті түрде болмаса, пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есеп жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- тұтастай алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ету үшін бақылаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша пікір білдіру үшін субъектілердің немесе Топ ішіндегі қаржылық ақпаратына қызметке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Біз Топтың аудитін басқаруға, бақылауға және жүргізуге жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толық жауаптымыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай-ақ, аудит нәтижесінде туындаған маңызды ескертпелер туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.



## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

9-бет

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы адамдарға аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде ықпал ететін барлық өзара қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды, сондықтан аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, оларға осы мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған кезде немесе өте сирек жағдайларда қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы керек деген қорытындыға келгенде, мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарламасының қоғамдық маңызды пайдасынан асып түседі деп негізді түрде болжауға болады деген жағдайлар кірмейді.

Нәтижелер бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есеп шығарылған тапсырманың жетекшісі – Алмаз Садыков.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

*Price Waterhouse Coopers LLP*

Бекітілді:

*А. Косрабаев*  
Азамат Конратбаев  
Басқарушы директор  
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС  
(Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің  
1999 жылғы 21 қазандағы № 0000005  
Бас мемлекеттік лицензиясы)

Қол қойылды:

*Алмаз Садыков*  
Алмаз Садыков  
Аудитор-орындаушы  
(2019 жыл 8 ақпандағы №МФ-0000745  
Біліктілік куәлігі)

2025 жылғы 28 ақпан  
Астана, Қазақстан

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ**  
**Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп 2024 жылғы 31 желтоқсанға**

| Мың теңгемен                                           | Ескерт. | 2024 ж.<br>31 желтоқсан | 2023 ж.<br>31 желтоқсан |
|--------------------------------------------------------|---------|-------------------------|-------------------------|
| <b>АКТИВТЕР</b>                                        |         |                         |                         |
| <b>Айналымнан тыс активтер</b>                         |         |                         |                         |
| Негізгі құралдар                                       | 6       | 1.593.607.454           | 1.430.331.997           |
| Барлау және бағалау бойынша активтер                   | 7       | 5.590.260               | 4.510.107               |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер                  | 8       | 44.539.508              | 66.806.648              |
| Материалдық емес активтер                              |         | 4.404.984               | 4.752.739               |
| Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар                 | 9       | 1.071.297.493           | 1.241.253.329           |
| Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар         |         | 1.332.182               | 1.890.448               |
| Өтелуге жататын ҚҚС                                    | 11      | 62.711.533              | 60.877.222              |
| Кейінге қалдырылған салық активтері                    | 31      | 28.449.891              | 6.450.522               |
| Басқа айналымнан тыс қаржылық активтер                 | 10      | 5.028.994               | –                       |
| Басқа да айналымнан тыс активтер                       |         | 1.549.398               | 114.565                 |
| Банк салымдары                                         | 12      | 2.358.498               | 2.955.454               |
|                                                        |         | <b>2.820.870.195</b>    | <b>2.819.943.031</b>    |
| <b>Айналымдағы активтер</b>                            |         |                         |                         |
| Қорлар                                                 | 14      | 91.010.602              | 63.191.048              |
| Сауда және басқа да дебиторлық берешек                 | 15      | 237.132.221             | 287.464.653             |
| Берілген аванстар                                      |         | 1.881.600               | 1.659.507               |
| Байланысты тарапқа берілген қарыздар                   |         | –                       | 39.977.505              |
| Табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем | 11      | 205.544.211             | 116.234.429             |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем     | 31      | 54.476.304              | 43.406.962              |
| Басқа да айналымдағы активтер                          |         | 1.081.188               | 634.182                 |
| Басқа да айналымдағы қаржы активтері                   | 10      | 63.269.275              | 103.244.373             |
| Банк салымдары                                         | 12      | 1.599.578               | 482.975                 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары                      | 13      | 606.624.975             | 66.770.948              |
|                                                        |         | <b>1.262.619.954</b>    | <b>723.066.582</b>      |
| Сатуға арналған деп жіктелген активтер                 | 5, 6    | 239.864.465             | –                       |
|                                                        |         | <b>1.502.484.419</b>    | <b>723.066.582</b>      |
| <b>АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ</b>                               |         | <b>4.323.354.614</b>    | <b>3.543.009.613</b>    |

7-70 беттің аралығында қоса берілген ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ**

**Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп 2024 жылғы 31 желтоқсанға (жалғасы)**

| Мын теңгемен                                                           | Ескерт. | 2024 ж.<br>31 желтоқсан | 2023 ж.<br>31 желтоқсан |
|------------------------------------------------------------------------|---------|-------------------------|-------------------------|
| <b>КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>                                      |         |                         |                         |
| <b>КАПИТАЛ</b>                                                         |         |                         |                         |
| Жарғылық капитал                                                       | 16      | 495.906.196             | 447.874.886             |
| Қосымша төленген капитал                                               |         | 38.489.380              | 25.946.130              |
| Есептілік валютасын қайта есептеу резерві                              |         | 2.800.396               | 2.158.137               |
| Басқа резервтер                                                        |         | (107.241)               | –                       |
| Бөлінбеген пайда                                                       |         | 2.292.823.933           | 2.026.909.132           |
| <b>КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>                                                   |         | <b>2.829.912.664</b>    | <b>2.502.888.285</b>    |
| <b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>                                     |         |                         |                         |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар                                    | 17      | 492.737.184             | 325.433.246             |
| Банктік кредиттер                                                      | 18      | 9.632.819               | 29.965.552              |
| Жалдау бойынша міндеттемелер                                           | 21      | 29.612.848              | 54.969.380              |
| Қызметкерлерге сыйақыларды төлеу бойынша міндеттемелер                 |         | 292.673                 | 447.939                 |
| Резервтер                                                              | 20      | 82.984.016              | 78.093.857              |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер                          | 24      | 3.287.370               | 4.192.701               |
| Шарт бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі                     | 22      | 10.518.617              | 10.820.812              |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері                               | 31      | 73.300.600              | 62.741.275              |
|                                                                        |         | <b>702.366.127</b>      | <b>566.664.762</b>      |
| <b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>                                    |         |                         |                         |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар                                    | 17      | 15.962.435              | 3.800.488               |
| Банктік кредиттер                                                      | 18      | 7.978.557               | 17.947.310              |
| Алынған кредиттер                                                      | 19      | –                       | 7.968.020               |
| Резервтер                                                              | 20      | 39.657.735              | 34.665.401              |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек                                | 23      | 495.846.492             | 353.711.924             |
| Табыс салығынан басқа, төленуге жататын салықтар                       |         | 4.576.144               | 4.365.154               |
| Жалдау бойынша міндеттемелер                                           | 21      | 25.372.441              | 21.717.317              |
| Шарт бойынша міндеттемелер                                             | 22      | 3.523.237               | 4.941.775               |
| Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер                         | 24      | 22.292.727              | 21.852.939              |
| Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер                                  |         | 3.149.240               | 2.486.238               |
|                                                                        |         | <b>618.359.008</b>      | <b>473.456.566</b>      |
| Сатуға арналған ретінде жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер | 5       | 172.716.815             | –                       |
|                                                                        |         | <b>791.075.823</b>      | <b>473.456.566</b>      |
| <b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>                                             |         | <b>1.493.441.950</b>    | <b>1.040.121.328</b>    |
| <b>КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>                                 |         | <b>4.323.354.614</b>    | <b>3.543.009.613</b>    |

А.М. Ақан  
Басқарма төрағасының экономика  
және қаржы жөніндегі орынбасары

Е.Н. Бокаев  
Бас бухгалтер

| Мың теңгемен                                                  | Ескерт. | 2024 ж.             | 2023 ж.            |
|---------------------------------------------------------------|---------|---------------------|--------------------|
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім              | 25      | 1.259.400.155       | 1.080.715.085      |
| Сатудың өзіндік құны                                          | 26      | (1.289.657.733)     | (1.023.092.705)    |
| <b>Жалпы (шығын)/пайда</b>                                    |         | <b>(30.257.578)</b> | <b>57.622.380</b>  |
| Басқару ақысы                                                 | 27      | 47.568.050          | 493.854            |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар                                 | 28      | (43.843.721)        | (63.155.929)       |
| Күтілетін кредиттік шығын резервін есептеу                    |         | (5.264.781)         | (2.296.278)        |
| Басқа да операциялық кірістер                                 |         | 4.675.651           | 2.869.912          |
| Басқа да операциялық шығыстар                                 |         | (4.416.151)         | (3.579.486)        |
| <b>Операциялық шығын</b>                                      |         | <b>(31.538.530)</b> | <b>(8.045.547)</b> |
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме өдісімен есептелген пайыздық кіріс | 29      | 43.095.509          | 37.651.233         |
| Қаржылық кіріс                                                |         | 7.197               | 308.737            |
| Қаржылық шығындар                                             | 30      | (40.628.529)        | (60.583.175)       |
| Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі                  | 9       | 371.144.276         | 321.932.666        |
| Оң бағамдық айырма, нетто                                     |         | (39.645.529)        | 19.995.722         |
| <b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>                         |         | <b>302.434.394</b>  | <b>311.259.636</b> |
| Табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемдеу                       | 31      | (2.969.285)         | 14.594.047         |
| <b>Жалғасатын қызметтен түскен жылдағы пайда</b>              |         | <b>299.465.109</b>  | <b>325.853.683</b> |
| <b>Тоқтатылған қызмет</b>                                     |         |                     |                    |
| Тоқтатылған қызметтен салық салғаннан кейінгі шығын           | 5       | (10.372.547)        | –                  |
| <b>Жылдағы таза пайда</b>                                     |         | <b>289.092.562</b>  | <b>325.853.683</b> |

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ**

**Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін (жалғасы)**

| Мың теңгемен                                                                                                        | Ескерт. | 2024 ж.            | 2023 ж.            |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|--------------------|--------------------|
| <b>Басқа да жиынтық кіріс</b>                                                                                       |         |                    |                    |
| <i>Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс сомалары</i>  |         |                    |                    |
| Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалаудан жүзеге асырылмаған шығын |         | (107.241)          | –                  |
| Шетелдік операцияларды қайта есептеу кезінде болған бағамдық айырмалар                                              |         | 642.259            | (404.668)          |
| <b>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жататын таза жиынтық (шығын)/кіріс</b>            |         | <b>535.018</b>     | <b>(404.668)</b>   |
| <i>Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктелмейтін басқа да жиынтық кіріс сомалары</i>       |         |                    |                    |
| Белгіленген төлемдермен жоспарлар бойынша актуарлық кіріс/(шығын)                                                   |         | (31.960)           | 34.170             |
| Табыс салығы бойынша шығыстардың өсері                                                                              | 31      | 5.722              | (6.834)            |
| <b>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жатпайтын таза жиынтық кіріс/(шығын)</b>          |         | <b>(26.238)</b>    | <b>27.336</b>      |
| <b>Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы басқа да жиынтық (шығын)/кіріс</b>                                        |         | <b>508.780</b>     | <b>(377.332)</b>   |
| <b>Табыс салығы шегерілген бір жылғы өзге жиынтық кіріс</b>                                                         |         | <b>289.601.342</b> | <b>325.476.351</b> |
| <b>Акцияға шаққандағы пайда</b>                                                                                     |         |                    |                    |
| Базалық және бөлінген                                                                                               | 16      | 0,77               | 0,87               |
| Базалық және бөлінген, жалғастырылған операциялардан                                                                |         | 0,80               | 0,87               |
| Базалық және бөлінген, тоқтатылған операциялардан                                                                   |         | (0,03)             | –                  |

А.М. Ақан

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары



Е.Н. Бокеев

Бас бухгалтер

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ**

**Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

| Мың теңгемен                                                                                         | Ескерт.   | 2024 ж.            | 2023 ж.              |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|--------------------|----------------------|
| <b>Операциялық қызметтен болған ақша ағындары</b>                                                    |           |                    |                      |
| Сатып алушылардан түсімдер                                                                           |           | 1.384.417.164      | 1.021.509.278        |
| Басқару ақысынан түсетін түсімдер                                                                    |           | 53.829.332         | -                    |
| Алынған пайыздар                                                                                     |           | 38.916.947         | 28.009.395           |
| Салық органдарынан салықтардың қайтарылуы                                                            |           | 12.476.177         | 9.151                |
| Тарифті қайта есептеуге байланысты түсімдер                                                          |           | 22.239.953         | -                    |
| Басқа да түсімдер                                                                                    |           | 4.493.064          | 6.528.297            |
| Өнім берушілерге төлемдер                                                                            |           | (1.214.303.107)    | (829.045.089)        |
| Төленген табыс салығы                                                                                |           | (25.341.188)       | (17.680.149)         |
| Басқа да салықтар және бюджетке төлемдер                                                             |           | (84.883.441)       | (52.090.223)         |
| Төленген пайыздар                                                                                    | 34        | (23.027.862)       | (30.976.493)         |
| Қаржылық жалдау бойынша төленген пайыздар                                                            | 21, 34    | (11.775.188)       | (14.988.904)         |
| Жұмыскерлерге төлемдер                                                                               |           | (84.161.418)       | (74.733.572)         |
| Басқа да төлемдер                                                                                    |           | (18.791.877)       | (13.436.207)         |
| <b>Операциялық қызметтен болған таза ақша ағындары</b>                                               |           | <b>54.088.556</b>  | <b>23.105.484</b>    |
| <b>Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары</b>                                                  |           |                    |                      |
| Банк салымдарын қайтару                                                                              |           | 61.123.228         | 47.174.581           |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен түсімдер                             |           | 2.172.471          | 7.585.737            |
| Бірлескен кәсіпорындардан алынған дивидендтер                                                        | 9         | 541.462.793        | 10.954.351           |
| Қарыздық бағалы қағаздарды өтеу                                                                      |           | 61.850.600         | -                    |
| Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын өтеуден түскен түсімдер                              | 10        | 49.919.356         | 228.797.391          |
| Бірлескен кәсіпорынды сатудан түскен түсімдер                                                        |           | 1.263.164          | -                    |
| Ұзақ мерзімді қаржы активтерін сатып алу                                                             |           | (65.514.443)       | (63.260.261)         |
| Банк салымдарын орналастыру                                                                          |           | (61.604.224)       | (36.968.493)         |
| Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу |           | (283.685.630)      | (305.051.235)        |
| Байланысты тараптарға қарыздар беру                                                                  |           | (6.500.394)        | (42.730.371)         |
| Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу                                            | 10        | (15.093.674)       | (233.623.073)        |
| <b>Инвестициялық қызметте (пайдаланылған)/алынған таза ақша ағындары</b>                             |           | <b>285.393.247</b> | <b>(387.121.373)</b> |
| <b>Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары</b>                                                       |           |                    |                      |
| Пайыздық қарыздар бойынша түсімдер                                                                   | 34        | 116.472.264        | -                    |
| Байланысты тараптың жарналары                                                                        | 34        | 142.621.853        | -                    |
| Пайыздық қарыздарды өтеу                                                                             | 34        | (30.057.527)       | (92.009.799)         |
| Байланысты тараптан алынған қарыздарды өтеу                                                          | 19, 34    | (8.222.333)        | (8.504.752)          |
| Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу                                                                  | 21, 34    | (21.703.583)       | (18.788.145)         |
| Жалғыз акционерге төленетін дивидендтер                                                              | 16, 32    | (22.809.827)       | (27.065.364)         |
| <b>Қаржылық қызметте пайдаланылған/(қызметтен алынған) таза ақша ағындары</b>                        |           | <b>176.300.847</b> | <b>(146.368.060)</b> |
| <b>Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс</b>                                           |           | <b>515.782.650</b> | <b>(510.383.949)</b> |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша таза бағамдық айырма                                       |           | 43.556.700         | 26.675               |
| Ақша қаражаты мен оның баламаларының өзгеруі                                                         |           | 13.357             | -                    |
| Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары                                                      | 13        | 66.770.948         | 577.128.222          |
| <b>Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары</b>                                               | <b>13</b> | <b>626.123.655</b> | <b>66.770.948</b>    |

\* 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың аяғындағы ақша қаражаты мен ақша қаражатының балама сомасы 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған ақша қаражаты мен ақша қаражатының балама сомасына сәйкес келмейді, өйткені ол сатуға арналған топтар туралы 5-параграфта ашылған ретінде жіктелген ақша қаражаты мен ақша қаражатының балама сомасын қамтиды.

А.М. Ақан

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Е.Н. Бокеев

Бас бухгалтер

7-70 беттің аралығында қоса берілген ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ**

**Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

| Мың теңгемен                              | Ескерт. | Жарғылық капитал   | Қосымша төленген капитал | Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | Басқа резервтер  | Бөлінбеген пайда     | Жиыны                |
|-------------------------------------------|---------|--------------------|--------------------------|-------------------------------------------|------------------|----------------------|----------------------|
| 2022 ж. 31 желтоқсанға                    |         | 430,959.489        | 25,946.130               | 2,562.805                                 | -                | 1,728.093.477        | 2,187,561.901        |
| Бір жылғы таза пайда                      |         | -                  | -                        | -                                         | -                | 325,853.683          | 325,853.683          |
| Бір жылғы басқа да жиынтық шығын          |         | -                  | -                        | (404,668)                                 | -                | 27,336               | (377,332)            |
| <b>Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны</b>      |         | -                  | -                        | <b>(404,668)</b>                          | -                | <b>325,881,019</b>   | <b>325,476,351</b>   |
2021 жылғы 31 желтоқсанда Топ «АстанаГаз ҚМГ» АҚ-мен «Сарыарқа» магистральдық газ құбырын жалға алу шартын 2022 жылдан 2026 жылға дейін 5 жыл мерзімге жасасты, ол ҚРРМ газға тарифтерді бекіткен күннен, яғни 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Бұл келісім ауыспалы жалдау төлемдер шарттарында жасалған, оның өзгермелілігі «Сарыарқа» МГ арқылы тасымалданатын газ көлеміне байланысты. Топ басшылығы жалдау төлемдерінің бұлтартпастығы мен нақты өзгермелілігінің болмауына байланысты олар негізінен тұрақты болып табылады және сондықтан жалдау міндеттемелерін бағалауға қосылуы керек деген қорытындыға келді. Топ «Сарыарқа» МГ жалдау және пайдалану құқығы бойынша міндеттемелерді шарт күшіне енген күні 111.326.816 мың теңге сомасында мойындады (8-ескертпе). Жалдау шартын ұзарту опционы жалдау міндеттемесінің есебіне қосылмайды, себебі басшылықтың пікірінше, опционның орындалуы есепті күнге жеткілікті түрде сенімді емес.

*Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер*

«Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 4 шілдедегі Заңына және Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес Топтың негізгі құралдарды қайта монтаждау мен тарату және жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңгерлік міндеттемелері бар. Атап айтқанда, Топтың міндеттемесі газ құбырларын бөлшектеумен және жер учаскелерінің құнарлығын қалпына келтірумен байланысты.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өндірістік активтерді жою бойынша міндеттемелерді есептеуді Топ ішкі мамандар жүргізген бағалау нәтижелері бойынша жүргізді. Заңмен қарастырылған және есептеуге енгізілген жұмыс көлеміне объектілер мен инфрақұрылымды (магистральдық құбыр, газ тарату станциялары, кірме жолдардың компрессорлық станциялары, тікұшақ алаңдары, ғимараттар және басқа объектілер) бөлшектеу және кейіннен жерді қалпына келтіру кіреді.

### **3 Маңызды есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар (жалғасы)**

Міндеттеме сомасы міндеттемені өтеу үшін талап етілетін бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады. Ұңғымаларды жою және учаскені қалпына келтіру жөніндегі резервтер әрбір есепті күнге қайта қаралады және «Объектіні пайдаланудан негізгі құралдарды шығару, ол алып жатқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелердегі және өзге де осыған ұқсас міндеттемелердегі өзгерістер» 1-интерпретацияға сәйкес ең жақсы бағалауды көрсету үшін түзетіледі.

Болашақ шығындарды бағалау кезінде басшылық жасаған маңызды бағалаулар мен пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа қатысты және заң талаптарындағы белгісіздіктерге қосымша Топтың бағалауларына активтерді шығару технологиясы, шығындар және салалық тәжірибелердегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Түпкілікті жабу шығындарына қатысты белгісіздік күтілетін ақша ағындарын дисконттау әсерінен азаяды. Топ ағымдағы жылғы бағаларды және орташа ұзақ мерзімді инфляция деңгейін пайдалана отырып, болашақта газ құбырларын жоюға, барлық өндіруші газ ұңғымаларын жабуға және келісімшарттық аумақты рекультивациялауға жұмсалатын шығындарды бағалайды.

Бұл бағалауларды жасау кезіндегі негізгі жорамалдар дисконттау мөлшерлемесін және болашақ ақша ағындарының сомасы мен уақытын бағалауды қамтиды. Дисконттау мөлшерлемесі басшылық күтетін жұмыстың номиналды құнына қолданылады. Басшылықтың ағымдағы бағалар бойынша жасалған бухгалтерлік бағалаулары болжанған ұзақ мерзімді инфляция қарқынын (2024: 5,14%, 2023: 4,19%) пайдалана отырып ең жақсы шығындар сметасына қосылмаған тәуекелдер бойынша міндеттемелер ретінде ұлғайтылады және кейіннен ақша қаражатының уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауларын көрсететін дисконттау мөлшерлемесі негізінде дисконтталады. Дисконттау мөлшерлемесі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес келетін өтеу мерзімі бар мемлекеттік облигациялар бойынша кірістілік ретінде айқындалатын тәуекелсіз мөлшерлемеге негізделеді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте міндеттемені анықтау үшін пайдаланылған ұзақ мерзімді инфляция деңгейі мен дисконттау мөлшерлемелері тиісінше 5,14% және 10,03% құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 4,19% және 9,08%). 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша газ құбырлары мен компрессорлық станцияларды жоюға және учаскені қалпына келтіруге арналған резервтің баланстық құны 82.417.339 мың теңгені (2023 жылғы 31 желтоқсан: 77.628.333 мың теңге) құрады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша ұңғымаларды пайдаланудан бас тарту және учаскені қалпына келтіру бойынша резервтің баланстық құны 566.623 мың теңгені (2023 жылғы 31 желтоқсан: 461.928 мың теңге) құрады. Қосымша мәліметтерді 20-ескертпеден қараңыз.

Төменде 31 желтоқсандағы маңызды болжамдарға арналған сандық сезімталдық талдауы берілген:

| <i>Мың теңгемен</i>                                                     | <b>Газ құбырын жою және учаскені қалпына келтіру резервіне әсер ету</b> |                             |
|-------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|-----------------------------|
|                                                                         | <b>2024 ж. 31 желтоқсан</b>                                             | <b>2023 ж. 31 желтоқсан</b> |
| <b>Газ құбырын жою және учаскені қалпына келтіру бойынша жорамалдар</b> |                                                                         |                             |
| 1 км-ге жою құны:                                                       |                                                                         |                             |
| - 10%-ға ұлғаю                                                          | 7.914.136                                                               | 7.470.764                   |
| - 10%-ға азаю                                                           | (7.914.136)                                                             | (7.470.764)                 |
| Инфляция деңгейі:                                                       |                                                                         |                             |
| - 1%-ға ұлғаю                                                           | 27.009.634                                                              | 26.730.998                  |
| - 1%-ға азаю                                                            | (20.302.493)                                                            | (19.848.940)                |
| Дисконттау мөлшерлемесі:                                                |                                                                         |                             |
| - 1%-ға ұлғаю                                                           | (19.366.055)                                                            | (18.930.318)                |
| - 1%-ға азаю                                                            | 25.909.111                                                              | 25.624.745                  |

#### **4 Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу**

##### **Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсініктемелерге нақтылаулар мен түзетулер**

2024 жылы Топ алғаш рет 2024 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енетін белгілі бір стандарттарды, түзетулерді және түсіндірмелерді қабылдады. Осы стандарттарды, түзетулерді және түсіндірулерді қабылдау Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер еткен жоқ. Топ шығарылған, бірақ күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді ерте қабылдаған жоқ.

Жаңа стандарттар тізбесі, сондай-ақ түзетулер мен нақтылаулар төменде келтірілген:

- 16 «Жалдау: сатудағы және кері жалға алудағы жалдау міндеттемелері» ХҚЕС түзетулері (2022 жылдың 22 қыркүйегінде шығарылған және 2024 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Міндеттемелердің қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді болып жіктелуі – 1 ХҚЕС IAS түзетулері (бастапқыда 2020 жылдың 23 қаңтарында шығарылған және кейіннен 2020 жылдың 15 шілдесінде және 2022 жылдың 31 қазанында түзетілген, 2024 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін толығымен күшіне енеді).
- 7 «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» ХҚЕС (IAS) пен 7 «Қаржы құралдары: Ақпаратты ашып көрсету: Жеткізушілерді қаржыландыру келісімдер» ХҚЕС (IFRS) түзетулер (2023 жылдың 25 мамырында шығарылған).

##### **Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар мен түзетулер**

Төменде шығарылған, бірақ Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығару күніне әлі күшіне енген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер берілген. Топ осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылса, күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті. Топ осы стандарттар мен түзетулердің шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер ететінін күтпейді.

- 21 «Айырбастаудың шектеулі мүмкіндігі» ХҚЕС (IAS) түзетулер (2023 жылдың 15 тамызында шығарылған және 2025 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Қаржы құралдарын жіктеу мен бағалау талаптарына түзетулер - 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) түзетулер (2024 жылдың 30 мамырында шығарылған және 2026 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 18 «Қаржылық есептілікте ұсыну және ашып көрсету» ХҚЕС (IFRS) (2024 жылдың 9 сәуірінде шығарылған және 2027 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 19 «Мемлекеттік емес еншілес ұйымдар: Ақпаратты ашу» ХҚЕС (IFRS) (2024 жылдың 9 мамырында шығарылған және 2027 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 14 «Нормативтік кейінге қалдыру шоттары» ХҚЕС (IFRS) (2014 жылдың 30 қаңтарында шығарылған).
- 10 ХҚЕС (IFRS) және 28 ХҚЕС (IAS) түзетулер – Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы активтерді сату немесе салу (2014 жылдың 11 қыркүйегінде шығарылған және ХҚЕС белгілейтін күннен басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына жыл сайынғы жақсартулар (2024 жылдың шілдесінде шығарылды және 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді).

#### **4 Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)**

##### **Әділ құнды бағалау**

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құны бойынша бағаланатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері;
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей - иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді олардың сипатының, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдердің, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздерінің иерархиясында қолданылатын деңгейдің негізінде жіктеді.

##### **Негізгі құралдар**

Негізгі құралдардың тозуы (газ активтерінен басқа) төменде көрсетілгендей пайдалы қызмет етудің есепті мерзімінің ішінде тікелей әдістің негізінде есептеледі. Негізгі қорлардың сыныптары бойынша орташа қызмет ету мерзімі келесі кестеде көрсетілген:

|                               | <u>Жылдар саны</u> |
|-------------------------------|--------------------|
| Ғимарат мен құрылыстар        | 36                 |
| Газ көлік жүйесі              | 66                 |
| Машиналар мен құрал-жабдықтар | 28                 |
| Көлік құралдары               | 16                 |
| Басқасы                       | 16                 |

Жерге арналған амортизация есептелмейді.

Пайдаланудан шығару резерві Топ ғимаратты немесе құрал-жабдықты қайта монтаждау және пайдаланудан шығару, ол орналасқан аумақты қалпына келтіру бойынша міндеттемелерді көтергенде және мұндай резервтің көлемін негізді түрде бағалауға мүмкін болғанда ғана дисконтталған құны бойынша толық көлемде танылады.

Аяқталмаған құрылыс өзіндік құны бойынша ескерілген негізгі құралдардың аяқталмаған құрылысын білдіреді. Аяқталмаған құрылысқа құрылыстың, құрал-жабдықтың құны және басқа да тікелей шығындар кіреді. Аяқталмаған құрылыстың амортизациясы мұндай активтердің құрылысы аяқталғанда және олар пайдалануға берілген уақытта басталады.

*Жер қойнауын пайдалану құқығын иемденгенге дейін болған шығындар*

Жер қойнауын пайдалану келісімшарты жасалғанға дейін болған шығындар келтірілген кезеңдегі шығыстарға жатқызылады.

*Жер қойнауын пайдалану құқығына шығындар*

Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындары капиталданады және материалдық емес активтер ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын және оның құнсызданбағанын растау мәніне қарастырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, жер қойнауын пайдалану құқықтарының баланстық құны және тиісті объектілерді сатып алу шығындары есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») белгіленген кезде және өзірлеуді ішкі бекіту кезінде жер қойнауын пайдалану құқығының және тиісті объектілерді сатып алуға арналған шығындардың баланстық құны, кен орындардың бөлігінде, барлау және бағалау шығындарымен бірігіп, газ активтеріне ауыстырылады.

#### **4 Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)**

##### *Барлау және бағалау шығындары*

Барлауға арналған заңды құқық алынған сәттен бастап геологиялық және геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау бұрғылауына тікелей қатысты шығындар ұңғыманың бұрғылануы аяқталмайынша және мұндай бұрғылау нәтижелері бағаланбайынша шығындардың сипатына сәйкес барлау және бағалау бойынша материалдық емес немесе материалдық активтер ретінде капиталданады. Бұл шығыстарға қызметкерлерге өтемақы, пайдаланылатын материалдар мен жағар майға шығындар, бұрғылау жабдығын жалдау және мердігерлерге төлемдер жатады. Егер қорлар табылмаса, барлау және бағалау бойынша активтер құнсыздануға тәстіленеді; егер шығарылатын көмірсутектер табылып, одан кейінгі бағалауға жататын болса, әрі оған коммерциялық өзірленуі ықтимал болатын басқа ұңғымаларда бұрғылау кіруі мүмкін болса, онда шығындар көмірсутектерді коммерциялық шығаруды бағалауда негізделген/үздіксіз прогреске қол жеткізілмейінше, материалдық емес актив ретінде ескерілуін жалғастырады.

Осы сияқты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге, сол сияқты өзірлеуді жалғастыру ниетін немесе табудан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілін растау үшін жылына кем дегенде бір рет құнсыздану мәніне тексеруге жатады. Өйтпеген жағдайда шығындар есептен шығарылады. Газдың дәлелденген қорлары анықталғанда және өзірлеуді жалғастыру шешімі қабылданғанда, тиісті шығындар құнсыздану бағаланғаннан кейін және құнсызданудан болған шығын танылғаннан кейін газ активтерінің құрамына аударылады.

##### *Өзірлеу шығындары*

Платформалар мен газ құбырлары сияқты мұндай инфрақұрылым объектілерінің құрылысымен, орнатумен немесе аяқтаумен байланысты шығыстар, сондай-ақ пайдалану ұңғымаларын бұрғылау, оған қоса сәтсіз пайдалану ұңғымалары немесе нобайын келтіретін ұңғымалар, газ кен орнының шеңберінде капиталға айналдырылады.

##### *Газ активтері бойынша тозу және амортизация*

Газ активтерінің тозуы, солардың тозуы тікжелілік әдіс бойынша есептелетін инфрақұрылым объектілерінен басқа, дәлелденген өзірленген газ қорларының негізінде өндірістік әдісті пайдалана отырып есептеледі.

##### **Жалға алу**

Топ жалдау қатынасының басталу күні келісімнің жалдау болып табылатынын немесе жалдау элементтерін қамтитынын бағалайды.

##### *Топ жалға алушы ретінде*

Топ қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалға беруді қоспағанда, барлық жалдау шарттарын тану мен бағалаудың біркелкі тәсілін қолданады. Топ жалдау төлемдерін жүзеге асыру бойынша жалдау міндеттемелерін және негізгі активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқығы активтерін мойындады.

##### *Пайдалану құқығы активтері*

Топ пайдалану құқығы активтерін жалдау басталған күні таниды. Пайдалану құқығы активтері жинақталған амортизацияны және жалдау міндеттемелерін қайта бағалау үшін түзетілген құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегергендегі өзіндік құны бойынша бағаланады.

Қолдану құқығы активтерінің құны мойындалған жалдау міндеттемелерінің сомасын, туындаған бастапқы тікелей шығындарды және жалдау басталу күні немесе оған дейін жасалған жалдау төлемдерін, жалдау бойынша ынталандыру төлемдерін шегергеннен қамтиды. Пайдалану құқығы активтерінің амортизациясы жалдау шарттары бойынша біркелкі әдіспен есептеледі.

Жалға алынған активке меншік құқығы жалдау мерзімінің соңында Топқа берілсе немесе құн сатып алу опционының орындалуын көрсететін болса, амортизация активтің болжамды пайдалы қызмет мерзімін пайдалана отырып есептеледі.

#### **4 Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)**

##### *Жалдау бойынша міндеттемелер*

Жалдау басталу күні Топ жалдау мерзімі ішінде төленетін жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша өлшенетін жалдау міндеттемесін таниды. Жалдау төлемдері кез келген жалдау бойынша ынталандыру төлемдерін шегергендегі тіркелген төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді айнымалы жалдау төлемдерін және қалдық құн кепілдігі бойынша төленуі күтілетін сомаларды қамтиды. Жалдау төлемдері сондай-ақ Топ опционды жүзеге асыруға жеткілікті сенімді болса, сатып алу опционын орындау бағасын және егер жалдау мерзімі Топтың жалға беруді тоқтату опционын әлеуетті орындауын көрсететін болса, жалдау шартын тоқтату үшін айыппұлдарды төлеуді қамтиды.

Жалдау төлемдерінің дисконтталған құнын есептеу үшін Топ жалдау шартында көрсетілген пайыздық мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмағандықтан, жалдау басталу күніндегі қосымша қарыз мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдау басталған күннен кейін жалдау міндеттемесі есептелген пайыздарды көрсету үшін ұлғайтылады және жасалған жалдау төлемдерін көрсету үшін азаяды. Сонымен қатар, жалдау бойынша міндеттемелердің теңгерімдік құны өзгертулер, жалдау мерзімін өзгерту, жалдау төлемдерінің өзгеруі немесе базалық активті сатып алу опциясын бағалау өзгерген кезде қайта өлшенеді.

##### *Құны аз активтерді қысқа мерзімді жалға беру және жалға беру*

Топ қысқа мерзімді жалдау бойынша танудан босатуды машиналар мен жабдықтарды қысқа мерзімді жалдауға қолданады. Ол сондай-ақ құны төмен активтерді жалға беруді танудан босатуды құны төмен деп есептелетін кеңсе жабдықтарын жалға алуға қолданады. Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде біркелкі әдіс бойынша шығыс ретінде танылады.

##### **Қаржы активтері**

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелермен белгіленген мерзімде активтердің берілуін талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптарда» жасалатын сауда) мәміленің жасалу күніне, яғни Компания активті сатып алу немесе сату міндеттемесін өз мойнына алған күнге мойындалады.

##### *Амортизацияланған құны бойынша қаржы активтері*

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе шығын активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе шығынның құрамында танылады.

Топтың амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтері байланысты тараптарға берілген кредиттерді, ақша қаражаттары мен олардың баламаларын, банктік депозиттерді, сауда және басқа дебиторлық берешектерді және басқа да ұзақ мерзімді қаржылық активтерді қамтиды.

##### *Қолма-қол ақша және қысқа мерзімді банк салымдары*

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары банктердегі қолма-қол ақшаны және бастапқы өтеу мерзімі үш (3) ай немесе одан аз қысқа мерзімді банк салымдарын білдіреді. Ақша қаражаттары мен олардың баламаларына кері РЕПО келісімдері — 1 күннен 30 күнге дейін жоғары бағамен сату туралы келісімі бар жоғары өтімді мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестициялар да жатады. РЕПО операциялары ақша қаражаттары мен олардың баламаларына оңай айырбасталады және олар Қазақстан Республикасының Үкіметімен қамтамасыз етілгендіктен құнның өзгеру тәуекелі шамалы.

##### *Басқа қаржылық активтер*

Топтың амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын басқа қаржылық активтері негізінен ҚРҰБ ноттарын, «Самұрық-Қазына» облигацияларын және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті қамтиды. «Самұрық-Қазына» қорының облигациялары мен ҚРҰБ ноталары 3 айға дейінгі өтеу мерзімімен қажет болған жағдайда оңай сатылуы мүмкін жоғары өтімді инвестициялар болып табылады. Сонымен бірге, ҚРҰБ ноттарын және «Самұрық-Қазына» облигацияларын сатып алу ұйымның күнделікті ақша қаражатын басқару бөлігі емес, Топтың инвестициялық қызметінің бөлігі болып табылады. Бұл бағалы қағаздарды сатып алған кезде оларды мерзімінен бұрын сату ниеті жоқ, олар әдетте өтеуге дейін сақталады, сондықтан Топ оларды қысқа мерзімді қаржы активтері ретінде жіктейді.

#### **4 Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)**

##### **Қаржы активтерінің құнсыздануы**

Топ пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін кредиттік шығынды (КККШ) бағалау резервін мойындайды. ККШ шартқа сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырама бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

КНЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік төуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін кредиттік шығын) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік шығынға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін кредиттік төуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік шығын) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін кредиттік шығынға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда дебиторлық берешекке және шарт бойынша активтерге қатысты Топ ККШ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ кредиттік төуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік шығынға тең сомға залалға бағалау резервін таниды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген кредиттік шығынның пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

##### **Қаржылық міндеттемелер**

Қаржылық міндеттемелер пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын немесе амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда әділ құн бойынша танылады, ал борыштық бағалы қағаздар мен қарыздар жағдайында мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріледі.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру шығындарының құрамына жатқызылады.

Топтың амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржылық міндеттемелері шығарылған борыштық бағалы қағаздарды, алынған кредиттер мен кредиторлық берешектерді, қаржылық кепілдік міндеттемелерін қамтиды.

##### **Сауда және басқа да кредиторлық берешек**

Сауда және басқа да кредиторлық берешек бойынша міндеттемелер Топ шоттарының жазылып берілуіне қарамастан алынған тауарлар мен қызметтер үшін келешекте төленуі тиіс соманың әділ құны болып табылатын бастапқы құн бойынша ескеріледі.

##### **Қаржылық кепілдік шарттары**

Қаржылық кепілдік шарты соған сай кепілдікті беретін тарап бұл шарт бойынша бенефициарға белгілі бір борышкердің белгіленген мерзімде шарттың бастапқы немесе қайта қаралған талаптарына сәйкес төлемді жасай алмауының салдарынан болған шығынды өтеу үшін белгілі бір соманы төлеуге міндеттенетін шарт деп аталады. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдіктің шығуымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде мойындалады.

Кейіннен міндеттеме 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес есептелген күтілетін кредиттік шығындар резерві мен 15 ХҚЕС сәйкес жинақталған амортизация шегерілген бастапқы танылған міндеттеме сомасының ең үлкені бойынша бағаланады.

Кепілдіктер бухгалтерлік есепте кепілдік берілген сәттен бастап оның мерзімі аяқталғанға дейін немесе кепілдік талаптары бойынша талаптар немесе міндеттемелер толық қанағаттандырылғанға дейін танылады.

#### **4 Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)**

##### **Қорлар**

Тауар-материалдық қорлардың құны ФИФО әдісінің негізінде әрбір қойма үшін бөлек ескеріледі.

Топ Топтың бірлескен кәсіпорындары көрсететін газды тасымалдау қызметтері бойынша тасымалдау шығындарын таниды. Бұл шығындар табиғаты бойынша өзгермелі болып табылады және Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің ішкі нарыққа арналған департаментінің бұйрығына сәйкес белгіленген 1000 м3/100 км-ге тасымалданатын көлемдер мен тарифтер және экспорт көлеміне келісілген тарифтер негізінде есептеледі. Бұл тасымалдау шығындары тауарлық-материалдық қорларды сатып алуға тікелей байланысты емес және сәйкесінше, қорлардың өзіндік құнына қосылмайды, бірақ сатудың өзіндік құнында танылады.

##### **Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтелетін құнына бағалау жүргізеді. Активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің (бұдан әрі - «ААЖБ») өтелетін құны, өткізу бойынша шығындарды шегере отырып, ААЖБ активінің әділ құнынан және оны пайдалану құнынан асады. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің теңгерімдік құны оның өтелетін құнынан артып кетсе, актив құнсызданған деп саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Бұл жоспарлар мен болжамдар әдетте 5 (бес) жыл мерзімге жасалады. Ұзақ кезеңдерде ұзақ мерзімді өсу қарқындары есептеледі және бесінші жылдан кейінгі болжамды болашақ ақша ағындарына қолданылады. Жалғасатын қызметтен құнсызданудан болған залалдар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте құнсызданған активтің функциясына сәйкес шығыс ретінде танылады.

##### **Резервтер**

Пайдаланудан шығаруға резервтер Топтың жабдықты немесе тетікті қайта монтаждау және көшіру бойынша және жабдық болған учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болғанда, сондай-ақ мұндай резервке пайымды бағалауды жүзеге асыру мүмкін болғанда дисконттау негізінде толық көлемде танылады. Мойындалатын сома жергілікті шарттар мен талаптарға сәйкес айқындалған бағаланған келешек шығындардың ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ сомасы резервтің мөлшеріне балама тиісті негізгі құрал құрылады. Кейіннен, мұндай актив газ активтері мен газ-көлік жүйесі активтерінің құрамында амортизацияланады.

##### **Учаскені жою және қалпына келтіру бойынша резерв**

Есепті мерзімдегі немесе міндеттемелерді өтеуге қажетті экономикалық пайданың негізіндегі ресурстардың ағып кету сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болған учаскені пайдаланудан шығару және қалпына келтіру бойынша қолдағы резервті бағалаудағы өзгерістер немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс былайша ескеріледі:

- (а) резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңдегі тиісті активтің құнына қосылады немесе есептен шығарылады;
- (б) актив құнынан шегерілген сома оның теңгерім құнынан асып кетпеуі қажет. Егер резервтегі кему активтің теңгерім құнынан асып кетсе, онда асып кету шығыстар ретінде дереу танылады; және
- (в) егер активтің құны ұлғаюға әкелсе, Топ активтің жаңа теңгерім құны толығымен өтелмейтіні осы көрсеткіш болып табылатындығын қарастырады. Егер мұндай белгі болса, Топ активті өтелетін құнды бағалау арқылы құнсыздану мәніне тестілеп, құнсызданудан болған кез келген залалды 36 ХБЕС-ке сәйкес ескереді.

##### **Жарғылық капитал және дивидендтер**

Қарапайым акциялардан тұратын жарғылық капитал бастапқы құны бойынша танылады. Жай акциялар бойынша дивидендтер олар жарияланған кезеңдегі меншікті капиталдың азаюы ретінде танылады. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу жалғыз акционердің қалауы бойынша жүзеге асырылады.

#### **4 Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)**

##### ***Сатып алышылармен жасалған шарттар бойынша түсімдер және басқа да кірістер***

Табысты географиялық аймақтар бойынша бөлу кезінде Топ контрагенттерді қызметтердің нақты көрсетілген жері бойынша емес, олардың тіркелген елі немесе орналасқан жері бойынша жіктейді. Географиялық тұрғыдан бөлінген кіріс ақпараты әртүрлі аймақтардың Топтың жалпы кірісіне қосқан үлесін бағалауға және әрбір аймақтағы операцияларға байланысты ықтимал тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтауға мүмкіндік береді.

##### ***Газ сату***

Газды сатудан түскен кірістер сатып алушыға тауарға меншік құқығымен байланысты елеулі тәуекелдер мен пайданы бергеннен кейін танылады және әдетте бір орындау міндеттемесін қамтиды. Газды өткізуден түскен кірістер уақыт өте келе танылады.

PetroChina Group-тен газды сату бойынша дебиторлық берешектің орташа өндіріп алу мерзімі 50 күнді құрайды, бұл ішкі сатып алушылар үшін орташа көрсеткіштен (30 күн) айтарлықтай жоғары. Бұл ауытқу шетелдік контрагентпен жұмыс істеу ерекшеліктеріне, атап айтқанда, көлемдерді келісу процесінің ұзағырақ болуына және бастапқы құжаттарға қол қою уақытының ұзаруына байланысты. Шарт бойынша міндеттемелер орта есеппен 12 ай ішінде өтеледі.

##### ***Қызметтерді көрсету***

Топ атқару бойынша міндеттемелерді ай сайын орындайды және көрсетілген қызметтердің нақты көлемдерінің негізінде газды тасымалдау қызметтерін көрсетуден және газ құбырларына техникалық қызмет көрсетуден түскен түсімді мойындайды. Газды тасымалдау қызметтерінен түскен кірістер сатып алушы бір мезгілде Топ ұсынатын артықшылықтарды алады және пайдаланады деген талаппен ұзақ уақыт ішінде мойындалады.

##### ***Басқару қызметтері***

Топ «КазРосГаз» ЖШС-не дивидендтерді хабарландырудың негізінде белгілі бір уақыт сәтінде «ҚазМұнайГаз»-дың бірлескен кәсіпорны «КазРосГаз» ЖШС басқаруға жататын басқару комиссиясын мойындайды.

##### ***Пайыздық кіріс***

Амортизацияланған құн және пайыздық қаржы активтері бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып мойындалады, әрі ол қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің бойында немесе егер бұл орынды болса, қаржы активінің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі ұзақ емес кезеңнің ішінде күтілетін келешек төлемдерді немесе ақша қаражатының түсімдерін дәл дисконттайды.

##### ***Дивидендтер***

Топтың төлемді алуға арналған құқығы белгіленгенде дивидендтерден түскен кіріс танылады, бұл әдетте, акционерлер дивидендтерді бекіткенде болады.

##### ***Шарт бойынша міндеттемелер***

Шарт бойынша міндеттеме, егер сатып алушыдан төлем Топ тиісті тауарларды бермейінше немесе қызметтерді көрсетпейінше алынса немесе төленуге жататын болса (қайсысының бұрын орын алатындығына қарай), танылады. Шарт бойынша міндеттемелер Топ шарт бойынша өз міндеттерін орындағанда (яғни тиісті тауарларға немесе қызметтерге бақылауды сатып алушыға бергенде), түсім ретінде мойындалады.

##### ***Қарыздар бойынша шығындар***

Жіктелетін активті сатып алуға, оның құрылысына немесе өндірісіне тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар осындай активтің баланстық құнының бір бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша өзге де шығындар туындаған сәттегі шығыстар ретінде танылады. Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және Топ қарызға алынған қаражатқа байланысты Топ шеккен басқа да шығындар кіреді.

##### ***Ағымдағы табыс салығы***

Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы – бұл топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кіріс алатын елдерде есепті күнге қабылданған немесе мәні бойынша қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар.

#### **4 Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)**

Басшылық мерзімді түрде салық декларацияларында көрсетілген позицияларды бағалауды жүзеге асырады, оларға қатысты тиісті салық заңнамасы әр түрлі түсіндірілуі мүмкін және қажет болған жағдайда Бағалау міндеттемелерін жасайды.

##### **Кейінге қалдырылған салық**

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер, егер заңи тұрғыдан бекітілген ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын компанияға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

##### **Қосылған құн салығы (бұдан әрі - «ҚҚС»)**

Салық заңнамасында нетто негіздегі сатулар және сатып алулар бойынша қосылған құн салығын (ҚҚС) өтеу көзделеді. Осылайша, өтелуге жататын ҚҚС, сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді.

##### **Төленуге жататын ҚҚС**

Сатып алушылардан дебиторлық берешек алынғаннан кейін ҚҚС салық органдарына төленуі тиіс. Есеп айырысуы есепті күнге жүзеге асырылған сатып алулар бойынша ҚҚС төленуге жататын сомадан есептен шығарылады.

Дебиторлық берешектің құнсыздануына резерв құрылғанда, құнсызданудан болған залал, ҚҚС сомасын қоса алғанда, берешектің барлық сомасына ескеріледі. ҚҚС бойынша тиісті міндеттеме салық салу мақсатында дебиторлық берешектен есептен шығарылғанға дейін есептілікте көрсетіледі.

##### **Өтелуге жататын ҚҚС**

Өтелуге жататын ҚҚС ҚҚС-пен сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша бухгалтерлік есепте көрсетіледі және егер ондайлар кірісті алу мақсатында пайдаланылса.

Әрбір есепті күнге өтелуге жататын ҚҚС шоты бойынша сома төленуге жататын ҚҚС шоты бойынша сомамен есепке алынуы тиіс.

#### **5 Жалпы бақылаудағы сатып алулар**

##### **«GPC Investment» ЖШС**

2024 жылғы 14 ақпанда «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың 1.000 (бір мың) дана көлеміндегі жай акциялары 38.737.143 теңге орналастыру бағасымен «Самұрық-Қазына» АҚ және «QazaqGaz» ҰК» АҚ арасында жасалған табыстау шартына сәйкесжалпы сомасы 38.737.143 мың теңге болатын «GPC Investment» ЖШС-дағы (бұдан әрі - «GPCI») қатысу үлесінің 100% беру арқылы басымдықпен сатып алу құқығы бойынша орналастырылған. 2024 жылғы 16 ақпанда GPCI 100% қатысу үлесін «QazaqGaz» ҰК» АҚ-қа мемлекеттік қайта тіркеу аяқталды.

2024 жылғы 14 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің Катар Мемлекетіне (бұдан әрі - «КМ») мемлекеттік сапары аясында түрлі инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар мен бастамаларды көздейтін мәміленің негізгі шарттары туралы келісімдерге қол қойылды. 2024 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметтері мен Азаматтық кодекс арасындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін ұзақ мерзімді стратегиялық әріптестік орнату туралы Келісімге қол қойылды. Стратегиялық инвестициялық келісім шеңберінде QG 25% үлесін сақтай отырып GPCI жобалық компаниясына қатысу үлесін сату жоспарлануда, сондықтан GPCI осы шоғырландырылған қаржылық есептемеде ХҚЕС 5 бойынша шығару тобы ретінде көрсетілген. QG GPCI-дегі 75% үлесін сатуды 2025 жылдың 2025 маусымының соңына дейін аяқтауды жоспарлап отыр.

GPCI сатып алу ортақ бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымды сатып алу ретінде есепке алынды. Сатып алу алдыңғы ұйымның шоғырландырылған қаржылық есептілігінің болмауына байланысты GPCI қаржылық есептілігінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құны әдісімен есепке алынды. GPCI-ді кейіннен қайта сату үшін еншілес ұйым ретінде сатып алуына байланысты QG 2023 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебі және 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты ескертпелер қайта қаралған жоқ. Басшылық қаржылық ақпараттың бұл ұсынылуы транзакцияның экономикалық мәні туралы ең шынайы көрініс береді деп есептейді. Аударылған сыйақы мен GPCI таза активтері арасындағы айырмашылық меншікті капиталда көрсетілді.

**5 Жалпы бақылаудағы сатып алулар (жалғасы)**

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылатын топ ретінде есепке алынған GPCI активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны тиісінше 239.135.438 мың теңге және 172.716.815 мың теңгеге тең. GPCI бойынша кезеңдегі салықтан кейінгі таза шығын 10.372.547 мың теңгені құрайды.

Төменде берілген жалпы сыйақының өділ құны және сатып алу күніндегі GPCI активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны көрсетілген:

| Мың теңгемен                                                                                                    | 2024 ж. 16 ақпан    |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|
| GPCI таза активтері, соның ішінде:                                                                              | 40.385.200          |
| Бұрыннан бар қатынастар бойынша міндеттемелер                                                                   | 51.092.879          |
| Шығарылған акциялардың номиналды құны                                                                           | (38.737.143)        |
| Бұрыннан бар қарым-қатынас активтері (GPCI берген пайызсыз қарыз)*                                              | (48.934.469)        |
| <b>Сатып алудың жалпы құны</b>                                                                                  | <b>(87.671.612)</b> |
| <b>Сатып алу құны мен меншікті капиталда көрсетілген таза активтердің баланстық құны арасындағы айырмашылық</b> | <b>3.806.467</b>    |

\* күтілетін кредиттік шығындарды қамтиды

**«АзияГаз Чунджа» ЖШС**

2024 жылғы 7 қазанда «Самұрық-Қазына» АҚ мен «QazaqGaz» ҰК» АҚ арасында «АзияГаз Чунджа» ЖШС жарғылық капиталындағы 100% үлесін беру туралы келісімге қол қойылды. 2024 жылғы 9 қазанда «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың бір жай акциясы 9.294.167 теңге мөлшерінде бағаланған 1,000 (мың) дана жай акциясы Жалғыз акционердің атына орналастырылды..

АзияГаз Чунджа сатып алу ортақ бақылаудағы тараптардан өншілес компанияны сатып алу ретінде есепке алынды. Сатып алу алдыңғы ұйымның шоғырландырылған есептілігінің болмауына байланысты АзияГаз Чунджа қаржылық есептілігіне сәйкес активтер мен міндеттемелердің баланстық құны өдісімен есепке алынды. Басшылық қаржылық ақпараттың бұл ұсынылуы транзакцияның экономикалық мәні туралы ең шынайы көрініс береді деп есептейді. Аударылған сыйақы мен АзияГаз Чунджа таза активтері арасындағы айырмашылық меншікті капиталда көрініс тапты.

| Мың теңгемен                                                                                                    | 2024 ж. 1 сәуір    |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|
| АзияГаз Чунджа таза активтері, соның ішінде:                                                                    | 5.146.004          |
| Бұрыннан бар қатынастар бойынша міндеттемелер                                                                   | 63.835             |
| Шығарылған акциялардың номиналды құны                                                                           | (9.294.167)        |
| Бұрыннан бар қатынастардан алынған активтер                                                                     | (63.835)           |
| <b>Сатып алудың жалпы құны</b>                                                                                  | <b>(9.358.002)</b> |
| <b>Сатып алу құны мен меншікті капиталда көрсетілген таза активтердің баланстық құны арасындағы айырмашылық</b> | <b>(4.148.163)</b> |

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ**  
**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

**6 Негізгі құралдар**

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін негізгі құралдардың қозғалысы былайша көрсетілген:

| Мын. теңгемен                              | Ескерт. | Жер            | Газ активтері       | Ғимараттар мен құрылыстар | Газ тасымалдау жүйесі | Жабдық               | Көлік құралдары     | Басқа              | Құрылыс жұмыстары  | Барлығы              |
|--------------------------------------------|---------|----------------|---------------------|---------------------------|-----------------------|----------------------|---------------------|--------------------|--------------------|----------------------|
| <b>Бастапқы құн</b>                        |         |                |                     |                           |                       |                      |                     |                    |                    |                      |
| 2022 ж. 31 желтоқсан                       |         | 558.913        | 64.050.444          | 109.380.441               | 712.499.682           | 380.742.788          | 26.119.065          | 10.868.310         | 166.052.322        | 1.470.271.965        |
| Түсімдер                                   |         | 10.375         | 15.614.163          | 18.521.899                | 6.740.093             | 2.591.130            | 4.418.059           | 1.166.533          | 307.740.460        | 356.792.702          |
| Бағалаудағы өзгеріс                        | 20      | -              | (2.852.269)         | (1.237.974)               | 4.591.800             | (1.941.103)          | -                   | -                  | -                  | (1.439.546)          |
| ТМҚ аударымдар                             |         | -              | (20.160)            | -                         | (46.753)              | -                    | -                   | -                  | -                  | (66.913)             |
| Аударымдар                                 |         | 14             | 37.474              | 26.145.966                | 273.628.290           | 85.035.011           | (242.931)           | 1.387.525          | (385.991.349)      | -                    |
| Шығулар                                    |         | (1.320)        | (16.540)            | (210.605)                 | (509.378)             | (137.141)            | (134.580)           | (149.896)          | -                  | (1.159.460)          |
| <b>2023 ж. 31 желтоқсан</b>                |         | <b>567.982</b> | <b>76.813.112</b>   | <b>152.599.727</b>        | <b>996.903.724</b>    | <b>466.290.685</b>   | <b>30.159.613</b>   | <b>13.262.472</b>  | <b>87.801.433</b>  | <b>1.824.398.748</b> |
| Түсімдер                                   |         | 74.542         | 3.039.588           | 719.493                   | 4.996.284             | 2.360.879            | 8.943.493           | 1.733.685          | 202.960.753        | 224.828.717          |
| Бағалаудағы өзгеріс                        |         | -              | 28.472              | (227.451)                 | (4.543.911)           | (284.442)            | -                   | -                  | -                  | (5.007.332)          |
| Барлау және бағалау активтеріне аударымдар | 20      | -              | (17.609)            | -                         | -                     | -                    | -                   | -                  | -                  | (17.609)             |
| Сатуға арналған активтерге аударымдар      |         | -              | -                   | -                         | (1.842.006)           | -                    | -                   | -                  | -                  | (1.842.006)          |
| Аударымдар                                 |         | -              | 9.047               | 14.140.149                | 76.622.699            | 64.337.799           | (61.083)            | 2.623.910          | (157.672.521)      | -                    |
| Шығулар                                    |         | (1.035)        | (149.697)           | (5.429)                   | (109.302)             | (189.236)            | (524.315)           | (488.653)          | (6.539)            | (1.474.206)          |
| <b>2024 ж. 31 желтоқсан</b>                |         | <b>641.489</b> | <b>79.722.913</b>   | <b>167.226.489</b>        | <b>1.072.227.488</b>  | <b>532.535.685</b>   | <b>38.517.708</b>   | <b>17.131.414</b>  | <b>133.083.126</b> | <b>2.041.086.312</b> |
| <b>Жинақталған тозу және құнсыздану</b>    |         |                |                     |                           |                       |                      |                     |                    |                    |                      |
| 2022 ж. 31 желтоқсан                       |         | -              | (16.314.147)        | (26.143.007)              | (164.047.327)         | (115.308.418)        | (20.877.749)        | (5.293.904)        | (5.703.074)        | (354.687.626)        |
| Бір жылға есептеу                          |         | -              | (1.998.269)         | (3.657.977)               | (16.247.082)          | (16.175.450)         | (1.119.197)         | (767.647)          | -                  | (39.965.922)         |
| Аударымдар                                 |         | -              | (6.870)             | (132.302)                 | (167.117)             | 376.030              | -                   | (69.741)           | -                  | -                    |
| Шығулар                                    |         | -              | 8.106               | 73.729                    | 265.357               | 90.558               | -                   | 148.747            | -                  | 586.497              |
| <b>2023 ж. 31 желтоқсан</b>                |         | <b>-</b>       | <b>(18.311.180)</b> | <b>(29.859.557)</b>       | <b>(180.196.169)</b>  | <b>(131.017.280)</b> | <b>(21.996.946)</b> | <b>(6.982.545)</b> | <b>(5.703.074)</b> | <b>(394.066.751)</b> |
| Бір жылға есептеу                          |         | -              | (3.386.307)         | (4.487.097)               | (22.825.664)          | (19.198.936)         | (1.438.970)         | (1.083.149)        | -                  | (52.420.123)         |
| Құнсыздану                                 |         | -              | -                   | -                         | (2.903.770)           | -                    | -                   | -                  | (94.118)           | (2.997.888)          |
| Сатуға арналған активтерге аударымдар      |         | -              | -                   | -                         | 856.944               | -                    | (1.934)             | -                  | -                  | 855.010              |
| Аударымдар                                 |         | -              | (3.121)             | (2.404.791)               | 3.074.637             | (418.444)            | (396)               | (247.885)          | -                  | -                    |
| Шығулар                                    |         | -              | 89.454              | 5.266                     | 79.340                | 168.098              | 435.469             | 373.267            | -                  | 1.150.894            |
| <b>2024 ж. 31 желтоқсан</b>                |         | <b>-</b>       | <b>(21.611.154)</b> | <b>(36.746.179)</b>       | <b>(201.914.682)</b>  | <b>(150.466.562)</b> | <b>(23.002.777)</b> | <b>(7.940.312)</b> | <b>(5.797.192)</b> | <b>(447.478.858)</b> |
| <b>Қалдық құны</b>                         |         |                |                     |                           |                       |                      |                     |                    |                    |                      |
| 2023 ж. 31 желтоқсан                       |         | 567.982        | 58.501.932          | 122.740.170               | 816.707.555           | 335.273.405          | 8.162.667           | 6.279.927          | 82.098.359         | 1.430.331.997        |
| <b>2024 ж. 31 желтоқсан</b>                |         | <b>641.489</b> | <b>58.111.759</b>   | <b>130.480.310</b>        | <b>870.312.806</b>    | <b>382.069.123</b>   | <b>15.514.931</b>   | <b>9.191.102</b>   | <b>127.285.934</b> | <b>1.593.607.454</b> |

## **6 Негізгі құралдар (жалғасы)**

### **Түсімдер**

Байланысты тараптарға Топтың негізгі басқарушы персоналы, елеулі қатысу үлесі Топтың негізгі басқарушы персоналына тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар, «Самұрық-Қазына» тобының компаниялары (бақыланатын ұйымдар), Үкімет (мемлекеттік бақылаудағы басқа ұйымдар), бірлескен кәсіпорындар, Топ қатысушысы болып табылатын кәсіпорындар, «Самұрық-Қазына» қоры мен Үкімет қатысушылары болып табылатын бірлескен кәсіпорындар және «Самұрық-Қазына» мен Үкімет қатысушылары болып табылатын қауымдастырылған кәсіпорындар жатады.

**Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің ережелері мен шарттары**

Байланысты тараптармен мәмілелер үшінші тараптарға қолжетімді тарифтердің негізінде көрсетілетін газды тасымалдау қызметтерін қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде жүзеге асырылмаған тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Жыл соңына өтелмеген қалдықтар қамтамасыз етілмеген, пайызсыз болып табылады, және есеп айырысулар, төменде сипатталған жағдайларды қоспағанда, ақшалай жасалады.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін байланысты тараптармен жасалған негізгі мәмілелер былайша көрсетілген:

| <i>Мың теңге</i>                                                                       | <b>Ескерт.</b> | <b>2024 ж.</b>     | <b>2023 ж.</b>     |
|----------------------------------------------------------------------------------------|----------------|--------------------|--------------------|
| <b>Тауарлар мен қызметтерді өткізу</b>                                                 |                |                    |                    |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар                                    |                | 22.849.241         | 34.940.046         |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы кәсіпорындар                              |                | 97.984.493         | 77.150.221         |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын бірлескен кәсіпорындар        |                | 6.141.421          | 889.839            |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын қауымдастырылған кәсіпорындар |                | 178.968            | 149.112            |
| Мемлекеттің елеулі ықпалындағы кәсіпорындар                                            |                | 26.016.231         | 19.952.624         |
|                                                                                        |                | <b>153.170.354</b> | <b>133.081.842</b> |
| <b>Басқару ақысы</b>                                                                   |                |                    |                    |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы кәсіпорындар                              | 27             | 47.568.050         | 493.854            |
|                                                                                        |                | <b>47.568.050</b>  | <b>493.854</b>     |
| <b>Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кіріс</b>                   |                |                    |                    |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы кәсіпорындар                              |                | 3.661.211          | 9.250.472          |
|                                                                                        |                | <b>3.661.211</b>   | <b>9.250.472</b>   |

### 32 Байланысты тараптармен мәмілелер (жалғасы)

| Мың теңге                                                                              | Ескерт. | 2024 ж.            | 2023 ж.            |
|----------------------------------------------------------------------------------------|---------|--------------------|--------------------|
| <b>Тауарлар мен қызметтерді сатып алу</b>                                              |         |                    |                    |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар                                    |         | 267.799.328        | 272.776.566        |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы кәсіпорындар                              |         | 24.691.572         | 17.940.655         |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын бірлескен кәсіпорындар        |         | 315.508.261        | 337.567.475        |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын қауымдастырылған кәсіпорындар |         | 567.614            | 755.351            |
| Үкіметтің елеулі ықпалындағы кәсіпорындар                                              |         | 45                 | -                  |
|                                                                                        |         | <b>608.566.820</b> | <b>629.040.047</b> |
| <b>Қаржылық шығыстар</b>                                                               |         |                    |                    |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы кәсіпорындар                              |         | 3.308.545          | 15.055.629         |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын бірлескен кәсіпорындар        |         | 11.775.188         | 15.023.457         |
|                                                                                        |         | <b>15.083.364</b>  | <b>30.079.086</b>  |
| <b>Дивидендтер</b>                                                                     |         |                    |                    |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар                                    |         | 541.462.793        | 10.954.351         |
|                                                                                        |         | <b>541.462.793</b> | <b>10.954.351</b>  |

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы байланысты тараптармен операциялардың сальдосы төменде көрсетілген:

| Мың теңгемен                                                                           | Ескерт. | 2024 ж.<br>31 желтоқсан | 2023 ж.<br>31 желтоқсан |
|----------------------------------------------------------------------------------------|---------|-------------------------|-------------------------|
| <b>Сауда және басқа да дебиторлық берешек</b>                                          | 15      |                         |                         |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар                                    |         | 32.136.411              | 39.020.421              |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы кәсіпорындар                              |         | 32.159.055              | 28.580.042              |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын бірлескен кәсіпорындар        |         | 729.125                 | 42.466                  |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын қауымдастырылған кәсіпорындар |         | 14.698                  | 16.261                  |
| Үкіметтің елеулі ықпалындағы кәсіпорындар                                              |         | 4.986.761               | 4.380.592               |
|                                                                                        |         | <b>70.026.050</b>       | <b>72.039.782</b>       |
| <b>Байланысты тараптарға берілген қарыздар</b>                                         |         |                         |                         |
| Үкіметтің бақылауындағы кәсіпорындар                                                   |         | -                       | 39.977.505              |
|                                                                                        |         | -                       | <b>39.977.505</b>       |

### 32 Байланысты тараптармен мәмілелер (жалғасы)

| Мың теңгемен                                                                           | Ескерт. | 2024 ж.            | 2023 ж.            |
|----------------------------------------------------------------------------------------|---------|--------------------|--------------------|
| <b>Берілген аванстар</b>                                                               |         |                    |                    |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар                                    |         | –                  | 81.970             |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің жалпы бақылауындағы кәсіпорындар                        |         | 21.742             | 5.026              |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын бірлескен кәсіпорындар        |         | 917.213            | –                  |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын қауымдастырылған кәсіпорындар |         | 1.331.681          | 1.836.768          |
|                                                                                        |         | <b>2.270.636</b>   | <b>1.923.764</b>   |
| <b>Басқа да қаржы активтері</b>                                                        | 10      |                    |                    |
| Мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар                                                 |         | 60.111.779         | 99.608.689         |
|                                                                                        |         | <b>60.111.779</b>  | <b>99.608.689</b>  |
| <b>Ақша қаражаты мен оның баламалары</b>                                               |         |                    |                    |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы кәсіпорындар                              |         | 58.269.434         | 471.191            |
|                                                                                        |         | <b>58.269.434</b>  | <b>471.191</b>     |
| <b>Сауда және басқа да кредиторлық берешек</b>                                         | 23      |                    |                    |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар                                    |         | 53.218.934         | 81.042.593         |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің жалпы бақылауындағы кәсіпорындар                        |         | 3.791.781          | 8.811.847          |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын бірлескен кәсіпорындар        |         | 294.626.812        | 165.694.130        |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын қауымдастырылған кәсіпорындар |         | 724.975            | 778.934            |
|                                                                                        |         | <b>352.362.502</b> | <b>256.327.504</b> |
| <b>Алынған қарыздар</b>                                                                |         |                    |                    |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы кәсіпорындар                              |         | 14.188.205         | 28.853.977         |
|                                                                                        |         | <b>14.188.205</b>  | <b>28.853.977</b>  |
| <b>Жалдау бойынша міндеттемелер</b>                                                    | 21      |                    |                    |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын бірлескен кәсіпорындар        |         | 54.958.799         | 76.658.620         |
|                                                                                        |         | <b>54.958.799</b>  | <b>76.658.620</b>  |
| <b>Міндеттемелер кепілдіктері</b>                                                      |         |                    |                    |
| Үкіметтің бақылауындағы кәсіпорындар                                                   |         | –                  | 1.418.106          |
|                                                                                        |         | <b>–</b>           | <b>1.418.106</b>   |

**32 Байланысты тараптармен мәмілелер (жалғасы)**

| <i>Мың теңгемен</i>                                                                    | <i>Ескерт.</i> | <i>2024 ж.</i>     | <i>2023 ж.</i>   |
|----------------------------------------------------------------------------------------|----------------|--------------------|------------------|
| <b>Басқа да қаржылық міндеттемелер</b>                                                 |                |                    |                  |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы кәсіпорындар                              |                | 680.305            | 700.778          |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын бірлескен кәсіпорындар        |                | 7.196              | 690.531          |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын қауымдастырылған кәсіпорындар |                | 6.544              | 15.064           |
|                                                                                        |                | <b>694.045</b>     | <b>1.406.373</b> |
| <b>Шарт бойынша міндеттемелер</b>                                                      |                |                    |                  |
|                                                                                        | 22             |                    |                  |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар                                    |                | 3                  | 359.975          |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің жалпы бақылауындағы кәсіпорындар                        |                | 1.238              | 1.429            |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын бірлескен кәсіпорындар        |                | 3                  | 3                |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын қауымдастырылған кәсіпорындар |                | 44                 | –                |
| Үкіметтің елеулі ықпалындағы кәсіпорындар                                              |                | 20                 | –                |
|                                                                                        |                | <b>1.308</b>       | <b>361.407</b>   |
| <b>Шығарылған борыштық бағалы қағаздар</b>                                             |                |                    |                  |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын бірлескен кәсіпорындар        |                | 128.863.550        | –                |
|                                                                                        |                | <b>128.863.550</b> | <b>–</b>         |

2024 жыл ішінде Топ Жалғыз акционерге 22 809 827 мың теңге сомасында жай акциялар бойынша дивидендтер төледі (2023: 27 065 364 мың теңге).

**Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы**

Негізгі басқарушы персонал Қоғамның Басқарма мүшелері мен тәуелсіз директорларынан, барлығы 13 адамнан тұрады. 2024 және 2023 жылдары негізгі басқарушы персоналға сыйақының жалпы сомасы басқарма мүшелеріне 420.720 мың теңгені және 505.657 мың теңгені, сондай-ақ тәуелсіз директорларға тиісінше 74.350 мың теңге және 69.827 мың теңгені құрады. Ең алдымен жалақы мен басқа да төлемдерді қамтитын бұл сомалар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалпы және өкімшілік шығыстарға қосылды.

**33 Шарттық және шартты міндеттемелер**

**Операциялық орта**

Қазақстан, нарықтық экономика талаптарына сәйкес экономикалық реформалар мен өзінің құқықтық, салық және нормативтік базасын дамытуды жалғастыруда. Келешектегі қазақстандық экономиканың тұрақтылығы осы реформалар мен өзгерістер шараларына, сондай-ақ үкімет қолға алатын экономикалық, қаржылық және монетарлық шаралардың тиімділігіне едәуір байланысты.

**Бірлескен кәсіпорын алдында газды тасымалдау қызметтерін шартсыз сатып алу міндеттемелері**

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың «АГҚ» алдында ҚҚС сомасынсыз 177.032.639 мың теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 313.199.873 мың теңге) мөлшерінде газды тасымалдау қызметтерін сатып алу бойынша шартсыз міндеттемесі болды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың «БШГ» алдында ҚҚС сомасынсыз 209.368.135 мың теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 203.148.195 мың теңге) мөлшерінде газды тасымалдау қызметтерін сатып алу бойынша шартсыз міндеттемесі болды.

**33 Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)****Күрделі шығындар мен инвестициялық бағдарламалар бойынша міндеттемелер**

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға және салуға байланысты ҚҚС-сыз 280.485.634 мың теңге (2023 ж. 31 желтоқсан: ҚҚС-сыз 43.694.763 мың теңге) сомасында күрделі шығыстар бойынша міндеттемелері бар. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатуға арналған ретінде жіктелген шығару тобының негізгі құралдарды және құрылыс қызметтерін сатып алу бойынша шарттық міндеттемелері ҚҚС-сыз 178.244.036 мың теңгені құрайды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 2022-2027 жылдарға арналған бекітілген инвестициялық бағдарламалар бойынша 106.967.648 мың теңге сомасында міндеттемелері бар (2023 жылғы 31 желтоқсан: 71.698.216 мың теңге). 2024 жыл ішінде Топ жалпы сомасы 40.937.908 мың теңгені құрайтын инвестициялық бағдарламалар бойынша жұмыстарды атқарды, бұл негізінен Алматы-Байсерке-Талғар магистральдық газ құбырының екінші желісінің құрылысына және МАК-5, МАК-4 және Лупин МАК-4 магистральдық газ құбырлары бойынша көшенді жұмыстарға қатысты. (2023 жыл ішінде: жалпы сомасы 135.718.332 мың теңгеге «Бейнеу-Жаңаөзен» магистральдық газ құбырының екінші желісінің және қолданыстағы «Мақат-Солтүстік Кавказ» магистральдық газ құбырына резервтік газ құбырының құрылысына байланысты жұмыстар).

**«АГҚ» және «БШГ» міндеттемелері**

Компанияның 31 желтоқсанға «АГҚ» мен «БШГ» күрделі шығындары бойынша міндеттемелердегі үлесі былайша болды:

| Мың теңгемен | 2024 ж.<br>31 желтоқсан | 2023 ж.<br>31 желтоқсан |
|--------------|-------------------------|-------------------------|
| «АГҚ»        | 17.895.703              | 6.353.464               |
| «БШГ»        | 3.064.796               | 1.386.229               |

**Салық салу**

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырағыш келеді және түрлі талқылауларға жол береді. Жергілікті, облыстық және ұлттық салық органдарының қайшы пікірлері, оның ішінде ХҚЕС-ке сай түсімдердің, шығыстардың және қаржылық есептіліктің басқа да баптарының есепке алынуына қатысты пікірлер кездесіп тұрады. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылып жүрген салық заңдарының негізінде мәлімделген және анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Салық тексерулері тексеру жылының алдындағы қызметтің 5 (бес) күнтізбелік жылын қамтуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда тексеруге бұдан да ерте кезеңдер ұшырауы мүмкін.

**«БШГ» шартты салық міндеттемелері**

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы 2007 жылғы 18 тамыздағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салудағы және пайдаланудағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімнің («Келісім») талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы түсіндірмелеріне сәйкес. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырын салу және пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында құрылған «БШГ» құрылыс аяқталғанға дейін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларға қатысты қосылған құн салығын төлеуден босатылған. Сонымен бірге, «БШГ» «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырын салуға алынған қарыздардың өтелу күніне дейін корпоративтік табыс салығы мен мүлік салығын төлеуден босатылады.

Басшылық 2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша заңнаманың тиісті ережелерін дұрыс түсінді және жоғарыда аталған салық жеңілдіктерін белгіленген кезең ішінде сақтау ықтималдылығы жоғары болып табылады деп есептейді.

Сонымен бірге, «БШГ» жоғарыда аталған Келісімге өзгерістер енгізу жобасын іске асырады, оның іске асырылуы Қазақстан-Қытай газ құбырының Екінші учаскесін салу үшін тартылған бастапқы қарызды қайта қаржыландырумен байланысты жоғарыда аталған салықтардан ағымдағы босатуды растайды.

### **33 Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)**

Егер «БШГ»-да қарыз шарттарының өзгеруіне байланысты жоғарыда аталған салық жеңілдіктері болмаса, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесі салық міндеттемелері бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлестің және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялардың азаюына әкеп соқтырар еді:

- корпоративтік табыс салығы барлығы 62.225.846 мың теңге, оның ішінде декларациядағы салық сомасын 49.780.662 мың теңге мөлшерінде төмендеткені үшін айыппұлдар, оның ішінде:
  - 2019 жыл- 1.378.739 мың теңге, айыппұлдар – 1.102.991 мың теңге;
  - 2020 жыл- 12.709.629 мың теңге, айыппұлдар - 10.167.703 мың теңге;
  - 2021 жыл- 13.815.959 мың теңге, айыппұлдар - 11.052.767 мың теңге;
  - 2022 жыл- 10.933.909 мың теңге, айыппұлдар - 8.747.127 мың теңге;
  - 2023 жыл- 13.630.969 мың теңге, айыппұлдар - 10.904.776 мың теңге;
  - 2024 жыл- 9.756.642 мың теңге, айыппұлдар - 7.805.313 мың теңге;
- 13.476.217 мың теңге мөлшеріндегі мүлік салығы, оның ішінде декларациядағы салық сомасын 10.780.973 мың теңге мөлшерінде төмендеткені үшін айыппұлдар, оның ішінде:
  - 2019 жыл- 1.258.627 мың теңге, айыппұлдар - 1.006.901 мың теңге;
  - 2020 жыл- 2.428.808 мың теңге, айыппұлдар - 1.943.047 мың теңге;
  - 2021 жыл- 2.468.665 мың теңге, айыппұлдар - 1.974.932 мың теңге;
  - 2022 жыл- 2.461.140 мың теңге, айыппұлдар - 1.968.912 мың теңге;
  - 2023 жыл- 2.429.487 мың теңге, айыппұлдар - 1.943.590 мың теңге;
  - 2024 жыл- 2.429.491 мың теңге, айыппұлдар - 1.943.593 мың теңге;
- 6.314.778 мың теңге мөлшеріндегі кейінге қалдырылған салық міндеттемесі.

Егер «БШГ»-да қарыз шарттарының өзгеруіне байланысты жоғарыда аталған салық жеңілдіктері болмаса, 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесі салық міндеттемелері бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлестің және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялардың азаюына әкеп соқтырар еді:

- корпоративтік табыс салығы барлығы 52.469.204 мың теңге, оның ішінде декларациядағы салық сомасын 41.975.364 мың теңге мөлшерінде төмендеткені үшін айыппұлдар, оның ішінде:
  - 2019 жыл- 1.378.739 мың теңге, айыппұлдар – 1.102.991 мың теңге;
  - 2020 жыл- 12.709.629 мың теңге, айыппұлдар - 10.167.703 мың теңге;
  - 2021 жыл- 13.815.959 мың теңге, айыппұлдар - 11.052.767 мың теңге;
  - 2022 жыл- 10.933.909 мың теңге, айыппұлдар - 8.747.127 мың теңге;
  - 2023 жыл- 13.630.969 мың теңге, айыппұлдар - 10.904.776 мың теңге;
- 11.046.727 мың теңге мөлшеріндегі мүлік салығы, оның ішінде декларациядағы салық сомасын 8.837.382 мың теңге мөлшерінде төмендеткені үшін айыппұлдар, оның ішінде:
  - 2019 жыл- 1.258.627 мың теңге, айыппұлдар - 1.006.901 мың теңге;
  - 2020 жыл- 2.428.808 мың теңге, айыппұлдар - 1.943.047 мың теңге;
  - 2021 жыл- 2.468.665 мың теңге, айыппұлдар - 1.974.932 мың теңге;
  - 2022 жыл- 2.461.140 мың теңге, айыппұлдар - 1.968.912 мың теңге;
  - 2023 жыл- 2.429.487 мың теңге, айыппұлдар - 1.943.590 мың теңге;
- 7.693.293 мың теңге мөлшеріндегі кейінге қалдырылған салық міндеттемесі.

#### **Трансферттік баға белгілеуді бақылау**

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табылатындығына қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. Трансферттік баға белгілеу туралы заң операцияларға қолданылатын барлық салықтар «қол ұшын беру» қағидаты бойынша айқындалған нарықтық бағалар негізінде есептелуін талап етеді.

### **33 Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)**

#### **Трансферттік баға белгілеуді бақылау (жалғасы)**

Трансферттік баға белгілеу туралы Қазақстан заңымен байланысты белгісіздіктің салдарынан салық органдарының ұстанымы Топтың ұстанымынан ерекшеленуі мүмкін деген тәуекел бар, бұл 2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салықтардың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың қосымша сомаларына әкеп соқтыруы мүмкін. Басшылық трансферттік баға белгілеу жөніндегі қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Топтың трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды. Басшылықтың пікірінше, 2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептеу тәуекелі жоқ.

#### **Қоршаған ортаны қорғау мәселелері**

Топ қоршаған ортаны қорғаудың әртүрлі заңдары мен ережелерін сақтауы керек. Басшылық топ қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты заң талаптарын орындайды және топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне және оның қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін ықтимал немесе ықтимал экологиялық міндеттемелер жоқ деп санайды.

#### **Сот процестері мен шағымдары**

##### **"GPCI" қосалқы мердігерінің шағымы**

2022 жылы «Qazaq Жер Құрылыс» ЖШС-мен (қазіргі «Kazakh Construction Group» ЖШС) (бұдан әрі – ҚСС) қосалқы мердігерлік шарт жасағаннан бастап 2023 жылғы 15 маусымға дейінгі кезеңде «НГСК KazStroyService» АҚ өз қаражаты есебінен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізді. 2023 жылғы 15 маусымдағы хатында ҚСС аталған келісімшартты бұзу және жұмысты тоқтату туралы хабарлады. Жоғарыда айтылғандарға байланысты 1.192.308 мың теңге сомасында жұмысты алдын ала төлеу қажеттілігі туындады. ЕРС шартының талаптары қосалқы мердігердің жұмысына тікелей төлем жасауды көздемейді. Топ басшылығы осы шағымдан туындайтын қосымша залалдардың ықтималдығы қалыпты деп есептейді, сондықтан 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте ешқандай резерв танылған жоқ.

#### **«БШГ» сот істері**

##### **«СтройТехМонтаж 2030» ЖШС**

2021 жылғы 25 тамызда Алматы қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты (бұдан әрі – МАЭС) ұйғарымымен «СтройТехМонтаж 2030» ЖШС-тің «СтройТехМонтаж 2030» ЖШС орындаған құрылыс жұмыстарының көлемі мен құнына байланысты бірқатар мәселелер бойынша «БШГ»-ға қарсы талап арызы бойынша азаматтық іс қозғалды. Топтың бұл шағым бойынша шартты міндеттемелерінің үлесі 6.419.889 мың теңге болды. 2021 жылғы 6 қыркүйекте «БШГ» «СтройТехМонтаж 2030» ЖШС-ке қарсы талап арыз берді. 2023 жылғы 4 қаңтарда «БШГ» неғұрлым егжей-тегжейлі есептеулер мен атқарылған жұмыстардың сипаттамасын бере отырып, тәуелсіз сараптама жүргізу туралы өтінішхат жариялады.

2023 жылдың қаңтарында ГБШҰ өтініші бойынша «СтройТехМонтаж 2030» ЖШС ісі бойынша кезекті отырыс өтті, оның барысында сот екінші кешенді сараптама тағайындау туралы шешім қабылдады. Сараптама Астана қаласындағы Сот сараптама институтына тапсырылды. 2023 жылдың соңында актілерді жарамды деп тану және «СтройТехМонтаж 2030» ЖШС-нің талап арызын қанағаттандырусыз қалдыру туралы шешім шығарылды. 2024 жылдың қаңтарында «СтройТехМонтаж 2030» ЖШС Алматы қалалық сотына апелляциялық шағым түсіріп, 2024 жылдың сәуірінде шағымды қанағаттандырудан бас тартты.

2024 жылдың 1 шілдесінде Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты «СтройТехМонтаж 2030» ЖШС-ны банкрот деп тану туралы шешім шығарды. Процестер аяқталды және барлық шағым беру мерзімі аяқталды. Қанағаттандырусыз қалдыру туралы шешім заңды күшіне енді. Топ басшылығы бұл шағымға қатысты шығын ықтималдығы төмен деп есептейді.

##### **Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің «БШГ» бойынша жоспардан тыс тексеруі**

2021-2022 жылдар аралығында «БШГ» Топтан компрессорлық станцияларды сатып алды. 2022 жылдың ақпан айында Қызылорда облысының Экология департаменті (бұдан әрі – Департамент) Мемлекеттік күзет қызметінің хабарлауынсыз біржақты тәртіпте Қызылорда облысының аумағында орналасқан объектілерге берілген экологиялық рұқсаттардың күшін жойды. 2022 жылдың мамыр айында «БШГ» Табиғи ресурстар департаментіне экологиялық рұқсатты қайта ресімдеу үшін өтініш беріп, құжаттарды қабылдау туралы хабарлама алды. 2022 жылдың қазан айында Мемлекеттік күзет қызметіне бұрын берілген барлық экологиялық рұқсаттарды қалпына келтіру туралы сотқа дейінгі талап-арыздар жіберілді.

### **33 Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)**

Рұқсаттарды қайта ресімдеуден бас тартуға байланысты «БШГ» 2022 жылдың 27 желтоқсанында алынған жаңа рұқсат беруге мәжбүр болды. 2023 жылғы 5 шілдеде рұқсатты қалпына келтіру және жаңадан беру бойынша қабылданған шараларға қарамастан, департамент жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша Мемлекеттік күзет қызметінің бұзушылықтары көрсетілген тексеру нәтижелері туралы акт жасап, өкімшілік жаза қолдану туралы қаулы және өкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама шығарды.

2023 жылдың шілде айында Мемлекеттік күзет қызметі Экология департаментінің айыппұл салуға байланысты заңсыз және негізсіз әрекеттеріне апелляциялық шағым түсіріп, шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы хабарлама алған. 2023 жылдың қазан айында Мемлекеттік күзет қызметі Қызылорда облыстық сотына бірінші сатыдағы сот қаулысының күшін жою туралы жеке шағым жолдаған. 2023 жылдың қараша айында Қызылорда облыстық сотының апелляциялық алқасы Мемлекеттік күзет қызметінің жеке шағымын қанағаттандыру туралы сот актісін шығарып, бірінші сатыдағы сот ұйғарымының күшін жойып, істі жаңадан сот талқылауына жіберді. Кейінірек, 2023 жылдың желтоқсан айында 1-ші сатыдағы сотпен экологиялық рұқсаттардың күшін жою туралы шешімді жарамсыз деп тану туралы «БШГ» өкімшілік талап арызын алдын ала қайта қарау жүргізіліп, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық өкімшілік сотының судьясы «БШГ» талап арызын Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық өкімшілік сотына беру туралы шешім қабылдады.

2024 жылдың 17 сәуірінде Қызылорда облысы бойынша МАӨС шешімі шықты, оған сәйкес Мемлекеттік күзет қызметінің өкімшілік талап арызы қанағаттандырудан бас тартылды. 2024 жылдың 6 маусымында Қызылорда облысы бойынша МАӨС шешіміне апелляциялық шағым берілді. 2024 жылғы 11 шілдеде Қызылорда облыстық сотының өкімшілік істер жөніндегі сот алқасы Қызылорда облысының МАӨС-тың 2024 жылғы 17 сәуірдегі шешімін өзгеріссіз, апелляциялық шағымды қанағаттандырмай қалдыру туралы қаулы шығарды.

2024 жылдың 28 маусымында БШГ «Қараөзек» компрессорлық стансасы нысанын тексеру қорытындысы бойынша 530 560 мың теңге көлемінде өкімшілік айыппұл салу туралы қаулы шығарды.

2024 жылғы 16 тамызда соттың қаулысына апелляциялық шағым берілді және 2024 жылғы 9 қыркүйекте Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен Қызылорда қаласының өкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған сотының 2024 жылғы 6 тамыздағы БШГ-ға қатысты қаулысы өзгеріссіз, қанағаттандырусыз талап қоюды қалдыру туралы шешім қабылданды. 2024 жылғы 17 қыркүйекте 530.600 мың теңге айыппұл төленді.

Экологиялық рұқсат алуда осыған ұқсас жағдайы бар басқа да объектілердің иесі БШГ болып табылады. БШГ экологиялық рұқсатының болмауына байланысты өлеуетті айыппұлдар бойынша мойындалған резервтің жалпы сомасындағы Топтың үлесі 1.461.825 мың теңгені құрады.

#### **Сақтандыру мәселелері**

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру саласы даму халінде, басқа елдерде таралған сақтандырудың көптеген түрлері Қазақстан Республикасында қол жетімсіз болып отыр. Топтың өзінің өнеркәсіптік объектілері бойынша өтемі, тасымалдау тоқтап қалған жағдайда сақтандыруы немесе үшінші тұлға алдында Топтың немесе оның қызметіне жататын объектілерде болған апаттан мүлікке немесе қоршаған ортаға залал келтірілгені үшін жауапкершілікті сақтандыруы жоқ. Баламалы сақтандыру өтемін алмайынша, кейбір активтердің бұзылу залалдарының және жоғалту тәуекелі болады, бұл Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне және оның шоғырландырылған қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс ықпал етуі мүмкін.

#### **Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша міндеттемелер**

Жер қойнауын пайдалану келісімшартының талаптарына сәйкес «QazaqGaz БӨ»-нің Үкімет алдындағы міндеттемелері 10.528 мың АҚШ долларын (баламасы 1.574.257 мың теңге) құрады және геологиялық әрі геофизикалық деректерді сатып алу шығындарымен және Үкімет шеккен бұрғылау жұмыстарының шығыстарымен байланысты болды. Бұл ұзақ мерзімді міндеттеме Құмырлы-Қосқұдық, Анабай-Малдыбай, Барханная-Сұлтанқұдық, Үшарал-Солтүстік Үшарал және Кемпіртөбе кен орындарында газдың коммерциялық табылуы анықталғаннан кейін күшіне енуі тиіс болатын.

341.804 мың теңге сомасындағы тарихи шығындардың орнын толтыру төлемі өндіріс басталған күннен бастап 10 жыл ішінде тоқсан сайын жүргізілуі тиіс. QazaqGaz БӨ 2027 жылға дейін тарихи шығындарды төлеуге қатысты Айрақты газ кен орны бойынша міндеттемелерді мойындады. Міндеттеменің баланстық құны 8% номиналды салық салуға дейінгі мөлшерлеме бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы анықталады.

Тарихи шығындарды өтеу бойынша 32.982 мың теңге сомасында төлем өндіріс басталған күннен бастап 10 жыл ішінде тоқсан сайын жүргізілуі тиіс. QazaqGaz БӨ 2033 жылға дейін тарихи шығындарды төлеуге қатысты Анабай газ кен орны бойынша міндеттемелерді мойындады. Міндеттеменің баланстық құны 9% номиналды салық салуға дейінгі мөлшерлеме бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы анықталады.

### **33 Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)**

Сондай-ақ QazaqGaz БӨ Барханная-Сұлтанқұдық учаскесі бойынша тарихи шығындарды өтеу міндетін мойындады. Тарихи шығындарды өтеу бойынша 94.538 мың теңге сомасында төлем жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімінен аспайтын, бірақ өндіру басталған күннен бастап 10 жылдан аспайтын мерзімде тоқсан сайын тең үлестермен жүргізілуге тиіс.

2023 жылдың 6 сәуірінде QazaqGaz БӨ үш жылдық дайындық кезеңімен Барханная кен орнының өндірістік алаңын қамтамасыз ету бойынша типтік келісімшартқа қол қойды. 2024 жылғы 5 маусымда өндіріс мерзімін 2048 жылғы 6 сәуірге дейін ұзартуға байланысты шартқа қосымша келісімге қол қойылды. Кен орнын 2025 жылға дейін пайдалануға беру жоспарлануда, қазір дайындық жұмыстары жүргізілуде.

2024 жылғы 1 қарашада Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен QG арасында қол қойылған Жамбыл облысындағы Малдыбай учаскесінде көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт жасалды. Келісімшартқа қосымша келісім шеңберінде жер қойнауын пайдалану құқығы QazaqGaz БӨ-ге берілді. Шарттың қолданылу мерзімі он сегіз (18) жыл барлау кезеңінен және жиырма бес (25) жыл өндіру кезеңінен тұратын жиынтық кезең болып табылады және 2024 жылғы 1 қарашадан 2067 жылғы 1 қарашаға дейін жарамды. 2025-2027 жылдардағы барлау кезеңінде Келісімшарт бойынша қаржылық міндеттемелер 4.541.760 мың теңгені құрайды деп күтілуде, оның негізгі бөлігі сейсмикалық барлау және бұрғылау жұмыстарына келеді.

2024 жылғы 1 қарашада Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, QG және «KOR Oil Company» АҚ арасында қол қойылған Ақтөбе облысындағы Шалқар учаскесінде көмірсутектерді барлау және өндіру бойынша кешенді жобаларға Келісімшарт жасалды. Келісімшартқа қосымша келісім шеңберінде жер қойнауын пайдалану құқығы QazaqGaz БӨ-ге берілді. Шарттың қолданылу мерзімі он сегіз (18) жыл барлау кезеңінен және жиырма бес (25) жыл өндіру кезеңінен тұратын жиынтық кезең болып табылады және 2024 жылғы 1 қарашадан 2067 жылғы 1 қарашаға дейін жарамды. 2025-2026 жылдардағы барлау кезеңінде Келісімшарт бойынша қаржылық міндеттемелер 961.085 мың теңгені құрайды, оның негізгі бөлігі тереңдігі 2200 м бір дербес ұңғыманы бұрғылауға арналған. 2024 жылғы 30 шілдеде QG және KOP арасында бірлескен қызмет және қаржыландыру туралы келісімге қол қойылды. Осы келісім бойынша «ҚОР мұнай компаниясы» АҚ Шалқар учаскесінде барлау жұмыстарын жүргізу кезеңіне толық қаржыландыруды (сaggy Financing) қамтамасыз етеді. KOP тарапынан жер қойнауын пайдалану құқығы еншілес ұйым – «Бозой Оперейтинг» ЖШС-не берілді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2025-2059 жылдарға арналған ең төменгі жұмыс бағдарламасына сәйкес Топтың жалпы сомасы 329.368.694 мың теңгені құрайтын Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар бойынша міндеттемелері бар (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 309.172.931 мың теңге).

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «QazaqGaz БӨ» минималды жұмыс бағдарламасын аяқтады.

#### **Өтемелі түрде жасыл желек отырғызу міндеттемелері**

2016 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 730 және 2023 жылғы 2 қарашадағы № 963 «Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы» қаулыларына (бұдан өрі - «Өндірістік алқаптар санатынан»). Айрақты және Анабай кен орындары (барлығы 10.736 гектар). Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексіне сәйкес Топ ауыстырылған учаскенің екі еселенген көлеміне орман дақылдарын өтемелі түрде отырғызуды және оларды отырғызғаннан кейінгі алғашқы үш жыл ішінде орман дақылдарын күтіп-баптауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, нақты қажеттілікті бағалағаннан кейін өндірістік қызметке 183 га жер қажет екені анықталды, нәтижесінде Топ Айрақты (4.365,8 га) және Анабай (6.187,2 га) кен орындарының пайдаланылмай жатқан жерлерін мемлекеттік орман қорына кері қайтару туралы бастама көтерді.

Қаржылық есептілікті шығару кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі Айрақты және Анабай кен орындарының пайдаланылмай жатқан жерлеріне орман иелену құқығын бекіту және қаулыға тиісті өзгерістер енгізу туралы қаулы әзірлеуде, одан кейін өтемдік отырғызу көлемін түзету мәселесі қаралатын болады.

Басшылық барлық сатып алынған жерлерге отырғызу бойынша өтемдік міндеттемелердің туындау ықтималдығын төмен деп бағалайды. Топ 2025-2028 жылдары өтемдік отырғызу бойынша қаржылық міндеттемелер Айрақты және Анабай кен орындарындағы жер телімдерін кері ауыстыруды ескере отырып, жалпы алаңы 366 га үшін 341.461 мың теңгені құрайды деп күтеді.

**34 Қаржы құралдары, қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаты мен саясаты****Қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары мен саясаты**

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелеріне пайыздық қарыздар, шығарылған борыштық бағалы қағаздар, сауда және басқа да кредиторлық берешек кіреді. Бұл қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты Топ операцияларын қаржыландыру болып табылады. Топтың оның операциялық қызметінің барысында тікелей туындайтын байланысты тараптарға берілген қарыздары, сауда және басқа да дебиторлық берешегі, пайдалануы шектелген ақша қаражаты, ақша қаражаты мен оның баламалары және банк салымдары бар.

Топ нарықтық тәуекелге, кредиттік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырауға бейім.

Топ басшылығы мұндай тәуекелдерді басқару процесін бақылайды. Тәуекелдерді басқару департаменті Топ басшылығына қаржы тәуекелдеріне және Топтың қаржы тәуекелдерін басқарудың тиісті тұжырымдамасына қатысты кеңес береді. Тәуекелдерді басқару департаменті Топ басшылығына қаржы тәуекелдеріне байланысты Топ қызметі тиісті саясатқа және рәсімдерге сай жүзеге асырылатындығына көз жеткізуге көмектеседі.

**Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел — қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Нарықтық бағаларға тәуекелдің екі типі жатады: пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі және валюталық тәуекел. Нарықтық тәуекелге ұшырағыш қаржы құралдарына қарыздар мен депозиттер кіреді.

Топтың пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруімен байланысты тәуекелдерді талдау және азайту бойынша ресми келісімдері жоқ, өйткені басшылық тәуекелді төмен деп бағалайды.

Келесі бөлімде сезімталдылық талдауы 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы позицияларға жатады.

Сезімталдық талдауы таза берешек сомасы, сондай-ақ шетел валютасындағы қаржы құралдарының үлесі тұрақты өлшемдер болып табылады деген жорамалдың негізінде дайындалды.

**Пайыздық тәуекел**

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі — қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі, ең алдымен, құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар Топтың қарыздарына жатады.

Төмендегі кестеде Топтың салық салынғанға дейінгі (шығынның)/пайданың (кредиттерге және құбылмалы мөлшерлемесі бар қарыздарға әсер ету есебінен) пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне (АҚШ доллары және ТБИ) сезімталдылығы көрсетілген, әрі олардың болу мүмкіндігін басқа да өзгермелілердің өзгермеуі кезінде негізді түрде болжауға болады.

| Мың теңгемен   | Ұлғайту/(азайту) | Салық салынғанға дейін пайдаға әсері |
|----------------|------------------|--------------------------------------|
| <b>2024 ж.</b> |                  |                                      |
| ТБИ            | 1%               | (29.590)                             |
| ТБИ            | -1%              | 29.590                               |
| USD SOFR*      | 3,82%            | (5.390.099)                          |
| USD SOFR       | -3,82%           | 5.390.099                            |
| <b>2023 ж.</b> |                  |                                      |
| ТБИ            | 1%               | (63.755)                             |
| ТБИ            | -1%              | 63.755                               |

\* 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша АҚШ долларының SOFR базистік тармақтарындағы өзгерістердің салық салуға дейінгі пайдаға әсері сатуға арналған ретінде жіктелген шығару тобының әсерін қамтиды.

**34 Қаржы құралдары, қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаты мен саясаты (жалғасы)**

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдықты талдау шеңберінде базалық тармақтардағы өзгерістер туралы жорамалдар осы сәтке байқалатын нарықтық жағдайға негізделеді.

**Валюталық тәуекел**

Валюталық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының өділ құны шетел валюталары бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. АҚШ долларында көрсетілген қарыздардың едәуір сомалары мен кредиторлық берешектің нәтижесінде Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбастау бағамдарындағы өзгерістер айтарлықтай ықпалын тигізе алады. Қаржы-шаруашылық қызмет сондай-ақ шетел валютасындағы мәмілелер бойынша тәуекелге ұшырағыш. Мұндай тәуекел АҚШ долларындағы кірістер бойынша туындайды.

Келесі кестеде Топ кірісінің табыс салығына дейінгі АҚШ долларының айырбастау бағамындағы ықтимал өзгерістерге (ақша активтері мен міндеттемелерінің өділ құнындағы өзгерістердің салдарынан), барлық басқа өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Топтың меншікті капиталына әсер жоқ.

| Мың теңгемен   | Базистік тармақтардың ұлғаюы/(азаяуы) | Салық салынғанға дейін пайдаға әсері |
|----------------|---------------------------------------|--------------------------------------|
| <b>2024 ж.</b> |                                       |                                      |
| АҚШ доллары    | 9%                                    | (51.521.869)                         |
|                | -7%                                   | 41.625.265                           |
| <b>2023 ж.</b> |                                       |                                      |
| АҚШ доллары    | 14%                                   | (28.416.209)                         |
|                | -14%                                  | 28.416.209                           |

\* 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша базистік тармақтардың ұлғаюының салық төлеуге дейінгі пайдаға әсері Топтың және сатуға арналған ретінде жіктелген шығу тобының әсерін көрсетеді.

**Кредиттік тәуекел**

Кредиттік тәуекел – қаржы құралы бойынша бір жақ міндеттемені орындай алмай, басқа тарапты қаржылық шығын көтеруге мәжбүр ететін тәуекел. Топ өзінің операциялық қызметінің және инвестициялық қызметтің кейбір түрлерінің нәтижесінде кредиттік тәуекелге ұшырағыш келеді. Кредиттік тәуекелге ұшырау дебиторлық берешек, банктік депозиттер, ақша қаражаттары мен олардың баламалары, берілген кредиттер және басқа да қаржылық активтерден туындайды.

Операциялардың ағымдағы деңгейінде басшылық Топқа танылған, кредиттік қабілеті бар үшінші тұлғалармен сауда жасауға мүмкіндік беру үшін тиісті кредиттік бақылау мен өнеркәсіптік тұтынушыларды бақылау процедураларын орнатты деп есептейді. Топтың кредиттік саясаты бар, онда әрбір жаңа клиенттің несие қабілеттілігі Топтың стандартты төлем және жеткізу шарттары ұсынылмас бұрын жеке талданады. Топтың тиісті кредиттік тарихы бар және белгіленген кредиттік лимиттерден аспайтын контрагенттермен мәмілелердің жасалуын қамтамасыз ету үшін тұрақты мониторингті қамтамасыз ететін саясат бар. Топ сондай-ақ экономикалық, саяси немесе басқа жағдайлардағы өзгерістердің контрагенттердің шарттық міндеттемелерді орындау қабілетіне әсеріне қатысты талдаулар жүргізеді.

**Күтілетін кредит шығындары**

9 ХҚЕС бойынша қаржылық активтердің барлық санаттары бойынша шығындарды бағалау пайымдауды қолдануды талап етеді, атап айтқанда құнсызданудан болған залалдарды анықтау және кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуін бағалау кезінде болашақ ақша ағындарының сомасы мен мерзімін және құнын бағалау қажет. Бұл бағалаулар бірқатар факторларға байланысты, олардың өзгеруі құнсыздану бойынша резервтердің әртүрлі сомаларына әкелуі мүмкін. Топтың КККШ есептеулері кіріс айнымалылар мен олардың өзара тәуелділіктерін таңдауға қатысты бірқатар негізгі болжамдарды қамтитын күрделі модельдердің нәтижесі болып табылады.

Бастапқы танудан бері кредиттік тәуекелдің (SICR) айтарлықтай өскенін немесе болмағанын бағалау жеке және портфельдік негізде жүзеге асырылады. Топтың тәуекелдерді басқару департаменті кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюының орын алған-болмайтынын анықтау үшін қолданылатын критерийлерге оның сәйкестігіне көз жеткізу үшін мерзімді түрде мониторинг жүргізеді және қарастырады.

### **34 Қаржы құралдары, қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаты мен саясаты (жалғасы)**

Күтілетін несие шығындарын бағалау үшін QG компаниялар тобы кредиттік тәуекелдің құрамдастарын бағалау үшін келесі үлгілерді пайдаланады:

- дефолт ықтималдығын бағалау үлгілері (PD TTC және PD PiT);
- Дефолт кезінде шығын деңгейін бағалау үлгілері (LGD);
- Дефолт кезінде талап сомасын бағалау үлгілері (EAD).

Кредиттік тәуекелдің құрамдас бөліктерін бағалау үлгілері болжамды болашақ экономикалық жағдайлар бойынша болжамды деректерді пайдалануды ескере отырып өзірленеді. Бұл деректерге инфляция деңгейі, ЖІӨ динамикасы, жұмыссыздық деңгейі және экономикалық белсенділікке әсер ететін басқа да негізгі көрсеткіштер сияқты өртүрлі макроэкономикалық көрсеткіштер кіреді. Макроэкономикалық факторлардың тізімі:

- Жұмыссыздық деңгейі;
- Ұлттық валютаның (теңге) АҚШ долларына (USD) айырбас бағамы;
- Өткен тоқсанмен салыстырғанда тұтыну бағаларының индексінің (ТБИ) пайыздық өзгерісі;
- Өткен жылдың осы тоқсанымен салыстырғанда тұтыну бағаларының индексінің (ТБИ) пайыздық өзгерісі;
- Brent мұнайының орташа бағасы (Average of Europe Brent Spot Price FOB), барреліне АҚШ долларымен көрсетілген;
- Белгілі бір кезеңдегі елдегі экономикалық белсенділіктің нақты өсуін немесе төмендеуін көрсететін өндірістік әдіспен есептелетін жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) физикалық көлемінің индексі;
- Белгілі бір кезеңдегі елдегі экономикалық белсенділіктің нақты өсуін немесе төмендеуін көрсететін түпкілікті пайдалану әдісімен есептелетін жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) физикалық көлемінің индексі;

Дебиторлық берешек үшін 9 ХҚЕС қарастырылған күтілетін кредиттік шығындарды (ECL) өлшеудің оңайлатылған тәсілі қолданылады, бұл дебиторлық берешектің орташа мерзімі шамамен 30 күнді құрайтынына байланысты, бұл мұндай активтердің қысқа мерзімді сипатына сәйкес келеді. 9 ХҚЕС-қа сәйкес қысқа мерзімді дебиторлық берешек үшін кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын бағалауды қажет етпей, активтің қызмет ету мерзімі ішінде КШШ есептеуді қамтитын жеңілдетілген тәсілге рұқсат етіледі.

Дебиторлық берешектің бір бөлігі ККШ есептеудің ұжымдық тәсілі негізінде емес, жеке бағалау үшін таңдалуы мүмкін. Жеке бағалау үшін борышкерлерді таңдау келесі критерийлер негізінде жүзеге асырылады:

- меншікті капиталдың 0,2%-дан асуы (Қазақстан Республикасы банктерінің тәжірибесінен);
- Дебиторлық берешек сомасы белгіленген құннан асып кетсе;
